25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Құтты болсын!

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 41 (1304)

23.10.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӨЗЕКТІ

ЕГЕМЕНДІКТІ ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ШАТАСТЫРАТЫНДАР АЗ ЕМЕС

Баян ТАҢАТАРОВА
«Алатау»

Қызық болды. Бірде кластастар, себеп болған соң, басымыз біріге қалды. Бәріміз бір ауылда тұрамыз. Ананымынаны айтып отырып әңгіме барысы еліміздің тарихи сәттеріне ауысты. Себебі «аталмай кеткен Республика күнін неге қайта тойлай бастадық» деген сұрақ қойды бір қызымыз. Расында бірнеше жыл Республика күні аталмай кетіп, 2022 жылы президент Қ.Тоқаевтың пәрменімен қайта атала басталды. Бірнеше жыл желтоқсанның 16-17 күндері Тәуелсіздік мерекесін ғана тойлап жүрдік. Тәуелсіздік күндерін атап жүргенде көбіміз байыбына бара бермей «Неге біз Желтоқсан күндерін «Аза тұту» күні деп атамаймыз желтоқсаншылардың аруағы үшін?» – дедік. Бір-бірімізден «Сен егемен мен тәуелсіздік деген сөздерді қалай түсінесің?» дегенде, өкінішке орай, кластастар жауап бере алмадық. Ұят-ақ екен...Неге білмейтінін айта алмағандар былай деді: «Ешқайсымыз оңдырып газет те оқымайды екенбіз. Телеарнадан көретініміз қысқа хабарлар мен түрік сериалдары ғана, одан кейінгісі смартфондағы былдырбадамдар... егемендікті қашан, тәуелсіздікті қашан алдық, ұмытып қалыппыз, бізге мейрам болса болды ғой, демалып, қонаққа барып қалатын», - деп ақталды. Сол жерде білгенімді айтып түсіндірген болдым.

ЕГЕМЕНДІКТІ ҚАЙ ЖЫЛЫ, ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚАЙ ЖЫЛЫ АЛДЫҚ?

Қазақстан Егемендік туралы декларацияны 1990 жылы, ал мемлекеттік Тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Егемендік: 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдады. Бұл күн елімізде Республика күні ретінде атап өтіледі. Егемен деген сөз ауызекі айтыла бермейтін сөз болған соң, ел бұл сөзді біраз тосырқап барып сөз қорына айналдыра бастады. «Егемен» деген «мемлекеттің өз елінің аумағында өз заңымен жүреді» деген мағынаны білдіреді, яғни бізге бұрынғыдай Мәскеу бұйыра алмайды. Сол 1990 жылы Қазақстан КСРО құрамында болса да өз жерінде өз заңының үстемдігін жария етті. Бұл тәуелсіздікке жасалған алғашқы қадам болды. Тәуелсіздік: 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бұл күн Тәуелсіздік күні болып есептеледі. Ата Заң бойынша мемлекет, яғни Қазақстан, басқа ешбір сыртқы күшке, яғни басқа мемлекетке немесе одаққа бағынбайды. Бұл дегеніңіз толық еркіндік деген сөз. КСРО тарап, Қазақстан ешкімге тәуелді емес, біреудің боданында емес, өз еркін өзі билейтін азат мемлекетке айналды.

ЕКІ МЕРЕКЕНІҢ МӘРТЕБЕСІ

Республика күні — Ұлттық мереке мәртебесіне ие. Заң бойынша бұл — елдегі жалғыз ұлттық мереке болып табылады (2022 жылы президенттің бастамасымен бұл мәртебе қайта берілді). Ұлттық мереке атауы тарихи маңызы ең жоғары оқиғаларға беріледі,



өйткені ол мемлекеттіліктің құрылуына себепші болған тарихи оқиға күні.

Тәуелсіздік күні - Мемлекеттік мереке мәртебесіне ие. Ол қоғамдық-саяси маңызы бар, мемлекеттің өз жолымен дамуын айқындайтын мереке ретінде атап өтіледі.

РЕСМИ РӘСІМДЕР МЕН ШАРАЛАР

Республика күнінде ұлттық мереке болғандықтан, бұл күні бүкіл ел бойынша міндетті түрде мемлекеттік Ту көтеру рәсімі салтанатты түрде өтеді. Халықтық серуендер, спорттық ұлттық ойындар (көкпар, бәйге) және фестивальдер ұйымдастырылады.

Тәуелсіздік күнінде мемлекет басшысының қатысуымен ел дамуына үлес қосқан азаматтарға (әскерилер, дәрігерлер, мәдениет қайраткерлері және т.б.) мемлекеттік марапаттар мен ордендер тапсырудың рәсімі өтеді. Сонымен қатар, Желтоқсан құрбандарының ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылады. Реті келгенде айта кетейік, биыл «Желтоқсан қозғалысына» 40 жыл.

ЕГЕМЕНДІК АЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Бұл жерде мен ЖИ-дың дайын сөздерін емес, өз ойымдағы, түйсігім жеткен пайымдарды бөлісер болсам, ең алдымен егемендік алған елдің халқы кедейлік, жұмыссыздық, әлеуметтік теңсіздік деген мәселеден аулақ болып, халықтың құқықтық қорғалуы жоғары, әскери тәртібі мықты, жемқорлықпен күресе алатын, ғылым мен білім, денсаулық саласы жоғары деңгейден көрінуі керек. Олай болмаған күнде халқы ашқұрсақ мемлекет әлсіз мемлекет болып, төңірегіндегі азулы мемлекеттер оның егемендігіне қауіп төндіре бастайды. Осы орайда есіме ауған елі түсе береді. Олар сияқты тұрмыстан құдай сақтасын. Еліміздің әлеуеті жоғары, қауіпсіз елде өмір сүріп жатқанымызға шүкір. Қоғамның, мемлекеттің даму жолында түрлі қайшылықтар, кемшіліктер , дағдарыстар болатыны дамудың заңдылығы. Кей азаматтар еліміздің бүгінгі дамуын сынап жатады, бар кінәні үйіп-төгіп билік басында отырғандарға сілтейді. Рас, қоғамда қайшылықтар да баршылық, халқының тұрмысын жоғарылатуды мақсат тұтқан дамудың еркін бағыттары да бар.

ЕГЕМЕНДІКТІ СІЗ ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?

Осы сұрақты қойғанымда, атын атамауды өтінген елу жастағы бір азаматтың айтқаны: «Жасөспірім болсам да орысша газеттерді көп оқитынмын. Орысша мектепте оқыдым. Саясат дегенді түсінбесем де, орыс газеттеріндегі «казахский национализм» деп, Желтоқсанға қатысқан қазақ жастарын аяусыз ұрғандарына іштей жұдырығым түюлі болатын. Егемендік туралы ата-анам айтып отыратын үйде: «Мәскеу айтты, компартия айтты деген диктовкалар жоқ болды, еркіндік келді», – деп. Орыс мектебінде оқыған соң мұғалімдеріміз Ыбырай Алтынсаринды емес орыстардың педагогтарының еңбегін дәріптейтін: Макаренко, Ушинский, Сухомлинский... Талдықорғанда осы аттас мектептер әлі бар. Егемендіктің арқасы шығар, қазақтың атақтыларының атымен аталатын мектептер пайда болды: Мағжан Жұмабаев, Сайын Мұратбеков, Шоқан Уәлиханов т.б. мектептер бар. Бізде таңдау еркі бар. Өзің білесің арбакеш болсаң да, базарда тележка тасып нан тапсаң да немесе оқып-оқып алғырлығыңды көрсетіп бизнеске барсаң да – жол ашық. Қазақстанды дамытуға, мықты мемлекет болуға бәріміз атсалысуымыз керек. Ең бастысы еліміз бейбіт өмірде, халықтың жағдайы жақсы деп айтуға болатын деңгейде өмір сүріп жатырмыз», - деді. Сіз не дейсіз бұған?

П.С. автордан: Егемендік пен Тәуелсіздік мерекелері мемлекетіміздің беріктігін көрсететін мерекелер. Сондықтан ел мерекелерінің маңызын үйдегі өсер ұрпаққа жеткізіп отырғанымыз абзал деп ойлаймын. Бұл мерекелер халық болып тойлануы керек, аз ғана топ емес, даңғаза концерттермен шектелмей, аға ұрпақ ерен еңбек көрсеткіштерімен, мемлекеттік қызметкерлер халыққа адал қызметімен, өсер ұрпаққа көрсеткен өнегесімен атап өтуге болады. Еліміздегі жалғыз ұлттық мереке болып саналатын Егемендік мерекесі құтты болсын!

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534



ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

БАҒЛАН ӘБДІРАЙЫМОВ : «ӨЛГЕН ЖОҚПЫН, ТІРІМІН»

Әнші Бағлан Әбдірайымов желідегі парақшасында мәлімдеме жасады, деп хабарлайды Sn.kz ақпарат порталы.

Ердос Қанаев "Бағлан бауырым Раббысына қайтты" деп басқа досы жайлы қайғылы хабар айтқан еді. Алайда Бағлан Әбдірайымов өзін «өлді» - деп хабар таратқан халыққа ренішін білдірді. "Ассалаумағалейкүм! Туған күніме орай Құран оқыттық, көкпар бердік. Бәрі жақсы өтті, Аллаға шүкір. Бата алдық, азаматтарды атқа мінгіздік. Енді жұмысқа кірісейін деп жатсақ, мынадай хабарламалар келіп жатыр. Мен таң қалдым! Таныстарым, достарым хабарласып жатыр. Адам шошитындай ақпарат. Осылай жасауға бола ма енді? Құдайға шүкір, тіріміз ғой. Әлі қаншама әндерім бар, жарыққа шықпаған. Енді қызық болады", - деді ол.

ДАНА НҰРЖІГІТ СҮЙІНШІ СҰРАДЫ

Белгілі журналист, экс-сенатор Дана Нұржігіт өзінің басынан өткен нақты оқиғаға арқау болған «Көлеңке» атты жаңа кітабын оқырманға ұсынды, деп хабарлайды Politico.kz.

«Сүйінші! Кітабым дайын! Kaspi дүкенінен күтіңіздер!» — деп қуанышты жаңалығымен бөлісті автор. Журналистің сөзінше, кітаптың жарық көруіне полиграфия саласының білікті маманы, әрі кәсіпкер құрбысы Жанар қолдау білдірген. Басылымның сапалы әрі тартымды шығуы үшін олар қағаздың түсі мен кітап салмағына, тіпті әріптердің көлемі мен қаріп жолдарына дейін аса мән беріп, оқырманға арналған тосынсыйды да қарастырған. Айта кетейік, тележүргізуші бұған дейін сталкинг құрбаны болған кезеңі өзі үшін үлкен өмірлік мектепке айналғанын ашық айтқан еді: «Сталкинг сынақ та, сабақ та болды мен үшін. Сол арқылы есеюдің маңызды 3 кезеңінен өттім: 1. Айналамның бәрі кінәлі. 2. Бәріне МЕН кінәлі. 3. Ешкім кінәлі емес! Қабылдадым. Ризамын», — деп еске алған болатын Дана Нұржігіт.

КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫНАН 173 БЕКІРЕНІҢ ӨЛЕКСЕСІ ТАБЫЛДЫ

Олардың жаппай қырылу себебі әзірге белгісіз. Мамандар оқиғаның мән-жайын анықтап жатыр, – деп хабарлайды Aikyn.kz тілшісі.

Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы және Маңғыстау облысы балық шаруашылығы басқармасының мәліметінше, өлекселер Маңғыстау облысының Қарақия ауданында, «Саржа» аумағы мен Құмды аралының арасындағы жағалаудан анықталған. Балықтар бірлескен рейд барысында табылған. Оқиғаның мән-жайын анықтап, тиісті шараларды ұйымдастыру үшін арнайы комиссия құрылған. Инспекцияның хабарлауынша, бұған дейін де бекіре тұқымдас балықтардың өлекселері теңіз толқынымен жағаға шығарылған жағдайлар болған. Қазір теңіздегі мониторинг жұмыстары жалғасып жатыр.

ТАЗАЛЫҚТЫ КҮНДЕЛІКТІ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бастамасы қоршаған ортаны қорғаумен ғана шектелмей, қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Осы мәселе «Egemen Qazaqstan» газетінің «Санаткер ұлт» пікір алмасу алаңында талқыланып, жиналғандар ойларын ортаға салды – дейді Aikyn.kz.

Қалдықты сұрыптау – мәдениеттің көрінісі – дейді Халық Кеңесінің мүшесі Еділ Жаңбыршин.Оның айтуынша, «Норвегияда қоқысқа төгілген заттың 98 пайызы қайта өңделіп, кәдеге жаратылады. Тамақ қалдықтары бөлек жиналады. Тазалық күнделікті әдетке айналуға тиіс.Бос пластик бөтелкелер мен алюминий құтыларды арнайы жүйе арқылы өткізіп, кепілақыны қайтаруға болады. Мұндай тетіктер азаматтардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

ҚАЗАҚСТАНДА КИБЕРАЛАЯҚТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Қазақстанда интернет арқылы жасалатын алаяқтық пен өзге де киберқылмыстарға қарсы тексеру күшейтілді. Үш айдың ішінде 1 595 киберқылмыс анықталып, 724 адам ұсталды, деп хабарлайды Halyqmedia.kz.

1 шілде мен 30 қыркүйек аралығында жүргізілген жедел-профилактикалық іс-шара кезінде бұрын жасалған 917 қылмыс ашылған. Ал осы істерге қатысы бар деген күдікпен 724 адам ұсталған. Оның 22-сі шетел азаматы. Сонымен қатар 97 адам қамауға алынған, іздеуде жүрген тағы сегіз адам ұсталған. Жалпы 1 242 іс аяқталған. Киберқылмыспен күрес тек күдіктілерді ұстаумен шектелмейді. Құзырлы органдар интернеттегі заңсыз ресурстарды да тұрақты бақылап отыр. Биылғы тоғыз айда 82 мыңға жуық осындай ресурс анықталып, бұғаттауға жолданған. Полиция азаматтарды бейтаныс адамдарға банк картасының деректерін, SMS-кодтарды және жеке мәліметтерін бермеуге шақырады.

ЕСІРТКІ ҚОСЫЛҒАН ПЕЧЕНЬЕ

Астанада «Пепе» деп аталатын есірткі сататын интернет-дүкеннің қызметі тоқтатылды. Тұтынушыларға ұсынылған тауарлардың арасында құрамында каннабис шайыры бар печенье де болған. Арнайы операция барысында бес ер адам ұсталды, – деп хабарлайды shyndyk.kz.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, операция Мемлекеттік күзет қызметімен бірлесіп жүргізілген. Күдіктілер жалдамалы пәтерлерде қолға түскен. Тергеу деректеріне сәйкес, топ мүшелерінің әрқайсысы белгілі бір міндет атқарған. Бірі заңсыз сауданы ұйымдастырса, қалғандары есірткіні сақтау, қаптау және тарату жұмыстарымен айналысқан.Интернет-дүкен арқылы печеньеден бөлек, марихуана, гашиш және каннабис шайыры сатылған. Тінту кезінде полицейлер құрамында есірткі бар 238 печенье мен жалпы салмағы 12 келіге жуық түрлі есірткі заттарын тәркіледі.Сонымен қатар қолма-қол ақша, банк карталары, ұялы телефондар, электронды таразылар және есірткіні қаптауға арналған жабдықтар табылған.Қазіргі уақытта бес күдікті де қамауға алынды. Есірткінің заңсыз айналымына қатысты сотқа дейінгі тергеу жалғасып жатыр. Күдіктілердің әрекетіне түпкілікті құқықтық баға сот шешімімен беріледі.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ҚАШАН ЖАСАЙДЫ?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 28 қазанда күннің бірінші жартысында Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын жариялауды жоспарлап отыр, деп хабарлайды Politico.kz.

Президент бұл туралы Х әлеуметтік желісіндегі парақшасында мәлімдеді. «28 қазанда күннің бірінші жартысында Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауымды жариялауды жоспарлап отырмын. Қазір осы маңызды құжаттың мәтінімен жұмыс істеп жатырмын», – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фото: Ақорда.

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ REPUBLIC DAY ЖӘНЕ BEREKE FEST АКЦИЯЛАРЫ ӨТЕДІ

Республика күні қарсаңында Жетісу өңірінде 2026 жылғы 17 қазаннан 27 қазанға дейін қоса алғанда «Republic Day» және «Bereke Fest» республикалық акциялары өтеді. Бұл күні тұтынушыларға түрлі тауарлардың кең таңдауы төмендетілген бағамен ұсынылатын болады – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мерекелік ұсыныстардың ең қызу кезеңі 21–27 қазан аралығына жоспарланған. Дәл осы күндері акциялардың негізгі бөлігі, арнайы бағалық ұсыныстар мен мерекелік жеңілдіктер болады. Сатып алушылар азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды тиімді шарттармен сатып ала алады. Акцияларды өткізу ұлттық мерекеге орайластырылған және халық үшін қажетті тауарлардың қолжетімділігін арттыруға, тұтынушылық сұранысты қолдауға әрі ішкі саудаға қосымша серпін беруге бағытталған. Отандық өндірушілердің өнімдерін өткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылады.

ЖЕТІСУДЫҢ ҮШТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ АШЫЛДЫ



Республика күні қарсаңында Жетісу облысының Үштөбе қаласында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында орталық саябақ күрделі жөндеуден өтіп пайдалануға берілді. Бұл – биыл өңірде жөндеу жүргізіліп жатқан 7 саябақтың бірі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Саябақтың ашылу салтанатына аудан әкімі Ұлан Досымбеков, ардагерлер, жастар өкілдері, аудан тұрғындары – жалпы саны 1,5 мың адам жиналды. Аудан әкімі көпшілікке өңір басшысы Бейбіт Исабаевтың құттықтау хатын оқып берді. Саябақтың лентасы қиылған соң жиналған қауым саябақ ішіне 50-ге тарта ағаш отырғызды. 1936 жылы салынған саябақ 2015 жылы жөндеуден өткен. Оның жалпы аумағы - 6,6 гектар. Саябақта спорт алаңдары, балалардың ойын алаңқайлары, 200 адам сиятын амфитеатр, сәулетті ескерткіштер мен субұрқақтар орнатылған. Ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздан хабардар ететін «Жеті қазына» алаңы бар. Жыл басынан бері саябақта 1 200 ағаш көшеті отырғызылды. Жасыл желекті күтіп-баптау және су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында тамшылатып суару жүйесі орнатылған.

ҚАРУЛАСТАР ҚАМЫНА ЖАСАЛҒАН ИГІ ІС

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Сарқан шекара бөлімінің старшинасы, аға сержант Аян Смагулов сегіз отбасы тұратын офицерлер үйіне өз күшімен ғимаратты жылытуға арналған темір пеш орнатты. Бұл бастама әскери қызметшілердің тұрмыстық жағдайын жақсартуға және әріптестеріне қолдау көрсетуге бағытталған. Аян Смагуловтың еңбегі жауапкершілік пен ұйымшылдықтың, ұжымға деген жанашырлықтың үлгісі.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

4,5 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕЛІК ЖОЛДЫҢ ЖОЛЫ БОЛМАДЫ



Жетісу облысында 4,5 миллиард теңгеге салынған жол әлі ресми пайдалануға берілмей жатып сыр бере бастаған. 7 шақырымдық айналма жолдың асфальты үгітіліп, көпірдің бекіткіш темірлері ажырап кеткен. Ал жауаптылар құрылыс әлі толық аяқталмағанын айтып отыр, деп хабарлайды Politico.kz 31 арнаның «Информбюро» бағдарламасына сілтеме жасап.

Сарыөзек кентін айналып өтіп, Жаркентке, одан әрі Қытайға апаратын республикалық маңызы бар жолмен жеңіл көліктер ғана емес, ауыр жүк машиналары да күндіз-түні қатынайды. Алайда жүргізушілер жаңадан төселген асфальттың қазірдің өзінде қопарылып жатқанына наразы. Олардың айтуынша, жолдың кей тұстары үгітіліп, көпірдегі бекіткіш темірлер ажырай бастаған.Тіпті көпірге орнатылған кейбір темір бөлшектерді қолмен-ақ жұлып алуға болады екен. Жол сапасына қатысты сынға «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының Жетісу облыстық филиалы "Құрылысқа жауапты компанияға кемшіліктерді жою талабы қойылған, мердігер ұйым ақауларды өз қаражатына жөндеп жатыр» - деп жауап берген. Дегенмен түсініксізі, қабылданбаған, сапасыз салынған , ақауы бар жолмен көлік неге тоқтаусыз жүріп жатыр?

ХАБАРЛАМА

«Алатау» газетіне жоғары білімді сауатты журналист - корректор керек. Үміткерлер компьютерлік InDesign бағдарламасын білуі шарт. Байланыс телефоны: 8 701 140 75 73 .

МЕСТО ТАТЬЯНЫ САВЕЛЬЕВОЙ В КУРУЛТАЕ ЗАНЯЛА ГУЛЬНАР ТОЙЛЫБАЕВА

Центральная избирательная комиссия зарегистрировала Гульнар Тойлыбаеву в качестве депутата Курултая. Удостоверение и нагрудный знак ей вручил председатель ЦИК Нурлан Абдиров, передает агентство Kazinform.



ЦИК принял соответствующее постановление 20 октября. Как отметил Нурлан Абдиров, ранее партия «Әділет» направила в Центризбирком решение Бюро Политического совета партии о передаче Гульнар Тойлыбаевой вакантного мандата депутата Курултая по партийному списку. В партии «Әділет» рассказали, что Гульнар Тойлыбаева обладает многолетним опытом государственной и партийной работы. В разные годы она занимала должности секретаря и председателя областного маслихата. По настоящее время Гульнар Тойлыбаева является советником акима области Жетісу.

Фото ЦИК РК

ЖИТЕЛИ ЕЩЕ ПЯТИ СЕЛ ЖЕТІСУ ПОЛУЧИЛИ ДОСТУП К ПРИРОДНОМУ ГАЗУ




В Панфиловском районе области Жетісу завершили газификацию еще пяти сел. Возможность подключиться к природному газу получили жители 302 домов, передает агентство Kazinform со ссылкой на Министерство энергетики РК.

Газ провели в села Жидели, Акарал, Кызылжиде, Керимагаш и Сарпылдак. Там завершены необходимые работы и произведен первичный пуск природного газа. Для подключения новых потребителей построено 52,8 км. газопроводов, установлен один газорегуляторный пункт и пять шкафных газорегуляторных пунктов. Газификация пяти сел стала частью расширения газовой инфраструктуры области Жетісу. С начала года природный газ также пришел в девять населенных пунктов Кербулакского района.

Фото: Министерство энергетики РК

В ПРЕДДВЕРИИ ДНЯ РЕСПУБЛИКИ ВВЕЛИ ЕЩЕ ОДНУ НОВУЮ ШКОЛУ

Новая школа введена в селе Коксай Кербулакского района. Между тем действующая школа, построенная в конце 70-х годов, размещалась в приспособленном одноэтажном здании, в котором отсутствовали столовая и спортивный зал.



При этом с момента строительства проводился только текущий ремонт. Теперь в этом году в регионе в эксплуатацию сданы уже пять новых школ, еще 2 капитально отремонтированы. Всего с начала образования области построено 24 новых объекта образования, на 27 объектах проведён капитальный ремонт. При этом количество школ, размещённых в приспособленных зданиях, сократилось вдвое, передает Qaz365.kz.

Стоит отметить, что в этом году в регионе новые школы введены в с.Суптай Панфиловского района, с.Рудничный г.Текели, с. Кольтабан Аксуского района, с. Коксай Кербулакского района, так же капитального отремонтированы школы им. Мусабека в с.Бозтоган Коксуского района и им.С. Сейфуллина в с.Елтай Ескельдинского района. Кроме того, новая школа на 600 мест строится в г.Уштобе Каратальского района и за счет возвращенных активов школа на 600 мест возводится в селе Балпык би Коксуского района.

ОКОЛО 440 ТЫСЯЧ ТОНН КУКУРУЗЫ ПЛАНИРУЮТ СОБРАТЬ В ЭТОМ ГОДУ В ЖЕТЫСУ



В Жетысу полным ходом идёт уборка урожая кукурузы,- сообщает «24KZ».

В этом сезоне под эту культуру засеяли почти 64 тысячи гектаров сельхозземель – на треть больше, чем в прошлом. Сейчас в закрома собрали уже свыше половины планируемого объема. В одном из крупных хозяйств Панфиловского района под посевы кукурузы ежегодно отводят 500 гектаров пашни. Основную часть освоили под влагосберегающие технологии. Благодаря этому, по словам руководителя предприятия Ерлика Оразбаева, получают хорошие объемы урожая. Затраты на уборку и логистику практически не оправдывают вложенные средства. В этом сезоне аграрии Панфиловского района при средней урожайности 70-75 центнеров с гектара планируют собрать 180 тысяч тонн кукурузы. Больше половины примет местный крахмалопаточный завод. Уборка кукурузы в Жетысу продолжится до конца октября. Общий объем собранного урожая планирует превысить 439 тысяч тонн.

ЖИТЕЛЯМ ЖЕТІСУ ДОСТАВЛЯЮТ ДОКУМЕНТЫ ИЗ ЦОНА НА ДОМ

В области Жетісу растёт популярность услуги доставки готовых документов из Центров обслуживания населения прямо на дом, охватывающей 18 видов госуслуг, включая регистрацию недвижимости и акты на землю. Кроме того, СпецЦОНы также доставляют водительские удостоверения и техпаспорта - сообщает корреспондент tinfo.kz.



Стоимость доставки документов из обычного ЦОНа по области Жетісу составляет 1036 тенге. Тарифы на доставку из СпецЦОНа рассчитываются отдельно. Директор филиала Абзал Омаров отметил, что главная цель — создать комфортные условия для населения, чтобы гражданам не приходилось посещать ЦОН лично. После готовности документа гражданин получает SMS от службы 1414 со ссылкой для оформления заявки и указания адреса. Заказы, сделанные до 17:00, доставляются в тот же день, после — на следующий рабочий день. Для обеспечения конфиденциальности курьер проверяет удостоверение личности и запрашивает уникальный SMS-код при передаче документа.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

КАТАСТРОФИЧЕСКИ НЕ ХВАТАЕТ МЕДРАБОТНИКОВ

Казахстану требуется 1 834 специалиста по акушерству и гинекологии. Кроме того, системе здравоохранения нужны 1 043 анестезиолога-реаниматолога, 941 хирургов. Министерство здравоохранения утвердило потребность в медицинских кадрах на основании нового приказа, сообщает Ulysmedia.kz.

Согласно приказу исполняющего обязанности министра здравоохранения Тимура Султангазиева от 1 октября 2026 года № 129, помимо акушеров-гинекологов, Казахстану требуются: 861 офтальмолог; 731 невролог; 642 врача общей практики; 573 травматолога-ортопеда; 485 кардиологов; 408 инфекционистов. Врачей не хватает и в сельской местности. Это означает, что потребность касается не только специализированных клиник, но и учреждений, куда пациенты обращаются за первичной медицинской помощью. Приказ № 129 утверждает не только потребность в медицинских кадрах, но и в объёме приёма на подготовку по медицинским специальностям . Документ вступает в силу 23 октября 2026 года.

СПАСАЯ АПОРТ ОТ БИОЛОГИЧЕСКИХ ОЖОГОВ

Казахстанские биопрепараты «Лактин АС» и «Плантарин АС» защитили яблоневые сады от бактериального ожога на 92% и прибавили садоводам больше 2 тонн урожая с гектара. Такие результаты дали испытания в Алматинской, Жамбылской и Туркестанской область[– передает Baq kz.

Препараты сделаны на основе молочнокислых бактерий. Их разработали ученые Казахского научно-исследовательского института защиты и карантина растений имени Ж. Жиембаева вместе с Институтом микробиологии и вирусологии. Испытания прошли прямо в хозяйствах, на площади до 500 гектаров. Специалисты отработали схемы применения и проверили, как препараты работают в реальных садах. На небольших опытных делянках эффективность защиты доходила до 95%. Ученые уверены, что отечественные биотехнологии помогут сохранить сады, поднять урожайность яблонь и укрепить продовольственную безопасность Казахстана.

ОТКАЗАЛИСЬ ОТ ПРОДАЖИ АЛКОГОЛЯ

В Панфиловском районе области Жетысу предприниматели сразу шести сельских округов добровольно отказались от продажи алкоголя, передает BAQ.KZ со ссылкой на прокуратуру региона.

Такую меру поддержали в рамках профилактической работы «Село без алкоголя – безопасное общество». Поводом стала статистика правонарушений, связанных с употреблением алкоголя. За восемь месяцев 2026 года в Панфиловском районе число административных нарушений выросло с 417 до 424, а уголовных – с 95 до 99. В прокуратуре рассчитывают, что отказ от продажи алкоголя поможет снизить число бытовых конфликтов и других правонарушений, совершаемых в состоянии опьянения. Такая практика действует и в других районах области. На сегодняшний день предприниматели уже 25 сельских округов Жетысу отказались от реализации алкогольной продукции.

МЫ ЗАЩИЩАЕМ ИНВЕСТОРОВ. А КТО ЗАЩИТИТ ИНТЕРЕСЫ КАЗАХСТАНА?

Что происходит, когда интересы инвестора начинают расходиться с интересами самого государства? Может ли Казахстан пересматривать старые правила игры, договора, которые подписывала ранее, почему стране, которая зарабатывает миллиарды на сырье, всё ещё не хватает собственных юристов, способных на равных вести переговоры с крупнейшими международными корпорациями? - на этот вопрос ищет ответ Ulysmedia.kz.

Сейчас многие говорят о переделе мира и формировании нового мирового порядка, о пересмотре структуры ООН и других международных институтов. Это подходящий момент для Казахстана, когда можно пересмотреть международные соглашения, оценить, в каком положении мы в них находимся - в выигрышном или проигрышном, - и сформировать собственные подходы, принципы и ключевые коммерческие условия. Нефть, трубопроводы, международные договоры и миллиардные инвестиции сами по себе не защищают интересы страны. В конечном счёте, от сидящих за столом переговоров и от их профессионализма зависит, чьи интересы будут лучше защищены. (из интервью Самал Ибаревой).

Подробнее на: https://ulysmedia.kz/interview/83136-my-nauchilis-zashchishchat-investorov-a-kto-zashchitit-kazakhstan-mira-dosova-o-nefti-srp-i-bolshoi-iuridicheskoi-igre/

ПРЕДОТВРАТИЛИ ТРАГЕДИЮ

В городе Саркане области Жетысу удалось предотвратить трагедию благодаря вовремя сработавшему датчику угарного газа, установленному спасателями в жилом секторе. Как сообщает местный портал «Вестник Жетісу», инцидент произошел глубокой ночью в частном жилом доме.

Ночью, когда все хозяева дома спали, в помещении начала скапливаться смертельно опасная концентрация угарного газа из-за проблем с печным отоплением. Сработал громкий звуковой сигнал тревоги датчика, который разбудил жильцов. Это позволило людям экстренно покинуть задымленное здание и вызвать экстренные службы. Никто не пострадал. Из-за участившихся случаев отравлений и возгораний в отопительный период, ДЧС области Жетысу проводит усиленные рейды по установке датчиков

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 41 (1304) 23.10.2026 Алатау

ЖЕТІСУЫМ МЕКЕНІМ

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»

«Жетісуым - мекенім» атты жарнама ілінгелі және ақпарат желісінен көрініс бергелі де бірталай уақыт болды. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, композитор, әнші, күйші, Көксу, Панфилов аудандарының,Талдықорған қаласы және Алматы облысының Құрметті азаматы Бақберген Асқарбеков бұл есепті концертін көрермендеріне 70 жасқа толуына байланысты өткізді.



Шақыруда көрсетілгендей 09.10.2026. кешкі сағат 18-де Талдықорған қаласының орталығындағы І.Жансүгіров атындағы мәдениет үйінің залы көрермендермен лық толды.

Әли Демегенұлы Алпысбаевтың дирижерлығымен мерейтой иесі Бақберген Асқарбеков Гүлбақыт Қасеновaның сөзіне жазылған «Жетісуым – мекенім» атты өзінің әнін айтып, сахна шымылдығын ашты. Одан әрі оркестр Медет Есбергеновтың дирижерлік етуімен автордың бірнеше күйлерін («Шабыт», «Жолбарыс би», «Қабан жырау», «Ескелді», «Балпық», «Құрманғазы», «Дина апам», «Атамекенді аңсау» күйлерін) орындады.

Нұрғиса Тілендиевтің тікелей шәкірті болғандықтан қос домбырамен орындаған «Аққу» күйін тыңдап, ел ұзақ ду қол шапалақ соқты. Одан да басқа көптеген әндері орындалды. Камералық хормен де автордың әндері керемет айтылып тыңдармандар риза болып жатты. Әнмен қосыла мың бұралған бишілер сахнаның сәнін келтірді. Жас әнші Жомарт Текебаевтың орындауындағы Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған Бақбергеннің «Ақмарал» әні, орындаушының тынысының кеңдігі кештің әсерлі сәттерін арттыра түсті.

Қандай да бір талант иесі болғанмен де оны әрі қарай жетелеу немесе бұлақтың көзін ашу талмай ізденіс пен таза еңбектің арқасында танылып, биікке көтеріледі.

Дегенмен де қазақта «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген ата-бабалардан қалған ұғымды сөз бар. Мен жастайымнан сонау XIX ғасырдың соңына ала туған үлкен ақсақалдардың әңгімесін көп тыңдағандықтан естіп-білгенімді айтайын:

Бақбергеннің арғы аталары: Кезеңғара одан Әуелбек, одан Одаман туады. Одаманнан Асқарбек, одан Нұршабек, одан - Бақберген. Мұндағы айтайын дегенім ата-бабаларының бәрі де өнерге жақын адамдар болған. Соның ішінде Одаман керемет күйшілігімен елге танымал кісі екен. Сол тұстағы билік иелері де жақсы ән, күй тыңдағанды қалады емес пе? Жаз жайлауда ауыл шетіндегі биіктеу орындарда күйшілер жарысын ұйымдастырып отырған. Сонда ылғи Одаманнан озған ешкім болмаған. Олай болса Бақберген де бұл өнерге тектен-тек жастайынан келе қалған жоқ. Оның бойына өнер ата-бабаларының қанымен келген. Өнер саласында 1970-ші жылдардың басынан осы күнге дейін жүріп келеді. Өсу жолында керемет талантты әнші ҚР халық әртісі Дәнеш Рақышевпен бірге жүріп, өнер саласының қыр сырын меңгере білді.

Ата тегінде бар күйшілік өнерді бала кезінен бойына сіңірген Бақберген Нұрғиса Тілендиевтің репертуарындағы көптеген күйлерді тыңдай жүріп үйреніп, сахнадан орындап, халықтың қошеметіне бөленіп жүрді. Осы өнер саласында жүріп, Нұрағамен кездесіп, қос домбырамен «Аққу» күйін орындағанын көріп тыңдаған Нұраға риза болып батасын берген екен.

Бақберген ұдайы ізденісте жүріп, өзінің табиғатына тән қаншама шығармалар жазды. Бүгінде ол 170-тен астам ән мен 25 күйдің авторы болып танылды.

Кештің соңына ала мерей той иесінің өзі орындаған «Мен әкемнің ұлымын»,

«Көк көбелек», «Мәдинаға» атты, мың бұралған бишілердің қолдауымен айтылған, әндерді тыңдаған халық ду-ду шапалақпен үлкен ризашылық танытты. Бакеңнің өнерінде құлақ құрышын қандырған әуезді әндері ғана емес, айтылар ойдың салмағы бар қазақ ақындарының ішіндегі ақиық тұлғалардың жырларынан теріп алатындығында. Әнші ретінде сахнаны жандандырып, жайнатса, композиторлығымен елдің ішкі дүниесін оятар, жүрегіне жақын әуен табады. Күйшілігі өз алдына қазақ ұлтының рухын асқақтата көтеріп, жарты әлемге таратты. Оның әндері мен күйлері бүкіл қазақ елін, Моңғолия, Қытай, Түркия, Ресейді аралап кетті. Бәкеңнің әндері мен күйлерін өз репертуарына қосып алып шырқатып жүрген әншілер бүгінде әр тараптан табылады.

Концерттік бағдарлама өз мәресіне жеткен соң сахнаға Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастығы Қуаныш Сұлтанұлы Сүлейменов ҚР мәдениет министрлігі мен Жетісу облысы әкімі Б.Исабаевтың «Құттықтау хатын» тапсырды. Сахнадағы мерейтой иесіне залдан гүл шоқтары ағылып келіп жатты. Солардың қатарында Қаблиса ауылының Сайлау Бәзілұлы бастаған азаматтары ат мінгізіп, шапан жапты. Көрермен халық риза болып тарасты.

Жетісу жерін күмбірлетіп күйге,сазды әуенге бөлеген өнерпаз жетпіс жасқа өнерге деген құлшынысы талмай жетті.

Мінеки, бүгінде қажырлы еңбектенудің, ізденістің нәтижесі, төккен тердің қайтарымы болып 70 жасында ел құрметіне бөленуде. Еңбегіңіз жана берсін, Бәке!

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК, ЖАДЫМДА ТҰРАР ЖАҢҒЫРЫП

Әнге айналған осы бір өлең жолдары ұмытылмас мектеп жылдарын әрдайым еске салады. Өз үйің - туған шаңырағың болса, мектеп - білім шаңырағы. Ал, ұстаз - оқушының болашаққа жол сілтер ақылшысы, баланың оқуға құштарлығын оятатын, шәкірттің ағаттығын кешіре білетін, талай тентекті сабасына түсіретін, небір қиқарды тәртіпке баулып, жуасытатын өте ұстамды білімді адам. Осы ретте ағартушы Абайдың

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, **- деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?! Қазіргі білім беру саласындағы мұғалімдердің басты мақсаты – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. Мұғалімнің өзі де заман ағымына қарай жаңа педагогтік көзқарасқа трансформацияланады. Ұстаз ретінде өзіне мол жауапкершілік жүктелетінін сезінеді. Өйткені қазіргі шәкірттер озық технология заманының балалары. Олар ақпараттың ағымды тез игеріп алады.Әр бала бір әлем. Бүгінгі қоғамның да, қазіргі заман мектебінің де сұранысы дәл осындай.**





Жақында Ақсу ауданында іссапармен болғанымда Ұстаздар күніне орай өткізілген салтанатты жиынның куәсі болдым.

Ақсу ауданы орталығындағы мәдениет үйіне ауданның барлық мектептерінен келген ұстаздармен толған залда ине шаншар орын жоқ. Сахна төріндегі LED экраннан мектеп, оқушы, ұстаз туралы әртүрлі көріністер жүріп жатты. Жиынға ән шашу ретінде аудандық мәдениет үйінің қызметкері ән шырқап жатты.

«Ұлылықтың ұйытқысынан жаралған,
Өнегеңнен барлық шәкірт нәр алған.
Шапағатты шуақ сепкен ұстаздар,
Өздеріңнен бастау алар бар арман.
Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,
Қолында шәкіртіңнің бала шағы.
Өмірді алға қарай өрлететін,
Сендерде Ұлы Отанның болашағы.

Ұстаз!.. Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз»,- деп аудан орталығы Жансүгір кентіндегі қобызшы Молықбай Байсақов атындағы мәдениет үйі сахнасындағы жүргізушілер зал толы ұстаздарды жылы лебізбен құттықтап, еңбектеріне табыс тілеп, құттықау сөз кезегін аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлына берді.

- Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны — мұғалім» деген еді. Шәкіртінің жетістігіне шын жүректен қуанатын, болашаққа жол сілтейтін шамшырақ иелері, сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! - деп, жүрекжарды құттықтауын жеткізген аудан әкімі залда отырған мұғалімдер қауымына сарқылмас жігер, биік белестер тіледі. Мерекелік салтанатта еңбегімен ерекшеленген ұстаздар шетінен аталып, сахнаға марапатын алуға көтеріліп жатты. Солардың ішінде «Шапағат» медалімен марапатталған Сағымбекова Бақыт Советханқызының есімі жарияланды. Аудан әкімі облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған Б.Сырттанов атындағы орта мектептің география пәнінің мұғалімі Сарбекова Айгүл Рүстембекқызын, Ақсу ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған 6 мұғалімді, аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталған 18 мұғалімді есімдерін атап, сахна төрінде марапаттарын ұсынды.

Бұдан кейін сахна төріне шыққан Ақсу аудандық білім бөлімінің басшысы Нұрлан Тұрсынмамедұлы:

- «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді. Ұлы мұғалім шабыттандырады» деп ағылшын ағартушысы Уильям Уорд айтқандай, мен сіздерден жай мұғалім емес керемет, жақсы мұғалімдер шығуын қалаймын. Өткен оқу жылын нәтижелі аяқтадық. Осы жаңа оқу жылында бәріңізге қажымайтын, талмайтын күш-қайрат тілеймін. Мереке құтты болсын, әріптестер! - деді.

Бүгінгі салтанатты жиындағы ұстаздарға деген марапат толассыз жүріп жатты.

Ауданның он мұғалімі Жетісу облыстық білім басқармасының Құрмет Грамотасымен мадақталды. «Үздік сынып жетекшісі -2026» номинациясы бойынша Ж. Сыдықов атындағы орта мектеп ұстазы Абдықадыр Алтынай Қожахметқызы, «Үздік бастапқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі-2026» номинациясы бойынша Қ.Терібаев атындағы орта мектебінің ұстазы Ахмет Берік Серікханұлы, «Үздік дене шынықтыру мұғалімі-2026» номинациясы бойынша Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп ұстазы Айтқожа Азамат марапатталды. «Үздік педагог-психолог-2026» номинациясы бойынша 6 мұғалім марапатталды. Ақсу ауданы білім бөлімінің Құрмет грамотасымен 6 мұғалім, Алғыс хатпен 5 мұғалім марапатталды. Салтанатты жиын соңында «Ұстазым» әні шырқалып, оған залдағы ұстаздар орындарынан тұрып түгелдей әнге қосылды. Одан әрі Ақсу аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары концертіне жалғасты.

Марапатталған ұстаздардың еңбегі бағаланды деп ойлаймын. Өйткені олардың қайсысы болмасын ақпараттық қоғам дәуірінде мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани қалыптасуына, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға, жаңа технологияны меңгеріп, қолданыста кең пайдалана білуге ұмтылған педагогтар деп түсінемін.


Менің есебім бойынша, жаңылмасам, 60-қа жуық аудан ұстаздары марапатталды. Ұстаздар күніне арналған айтулы мереке өз мәресіне жоғары деңгейде жетті. Ақсулық елдің осындай абыройлы істері көп болсын дейміз!

ЕГЕМЕНДІК АЛҒАН КҮН

Егемендік – мемлекеттің сыртқы саясатта толық тәуелді болуы және елдің ішкі саясатында мемлекеттік биліктің бәрінен жоғары тұруы. «Егемендік» ұғымын алғаш рет XVI ғасырда француз ғалымы Жан Боден қолданды. Бұл ұғым қоғам дамуының әр кезеңінде әр түрлі мәнге ие болды.

Мемлекеттің өз ішкі саясатын, заңдарын, экономикалық және мәдени бағыттарын өз бетінше шешу құқығы Егемендік болып табылады.

1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация елдің егемендігін жариялады. Бұл кезде Қазақстан кеңестік одақтың құрамында қалды, бірақ орталық биліктің шектеулеріне қарсы шығып, өз дербестігіне алғашқы қадам жасады.



ДЕКЛАРАЦИЯ
о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики

Верховный Совет Казахской Советской Социалистической Республики,

выражая волю народа Казахстана,

стремясь к созданию достойных и равных условий жизни для всех граждан Республики,

считая первостепенной задачу консолидации и укрепления дружбы народов, проживающих в Республике,

признавая Всеобщую декларацию прав человека и право наций на свободное самоопределение,

осознавая ответственность за судьбу казахской нации,

исходя из решимости создания гуманного демократического правового государства,

провозглашает государственный суверенитет Казахской Советской Социалистической Республики и принимает настоящую Декларацию.


I. Казахская Советская Социалистическая Республика есть суверенное государство, которое добровольно объединяется с другими республиками в Союз Суверенных Республик и строит взаимоотношения с ними на договорной основе.

Казахская ССР сохраняет за собой право свободного выхода из Союза.

2. Казахская ССР принимает меры по охране, защите и укреплению национальной государственности.

Возрождение и развитие самобытной культуры, традиций, языка и укрепление национального достоинства казахской нации и других

Алма-Ата, 25 октября 1990



ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жөнінде

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы С
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекетт
егемендігі туралы Декларация қабылдансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің
Председателі
Е.АСАНБАЕВ

Тәуелсіздік дегеніміз не?

Ол – үлкен бір жүйеден немесе империялық құрылымнан толық бөлініп шығу, абсолютті еркіндік алу, яғни мемлекеттің халықаралық аренада дербес субъект болуы, өз армиясын құруы, шекарасын бекіту және сыртқы саясатты ешкімнің ықпалынсыз жүргізуі.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданып, еліміз толық тәуелсіз мемлекет атанды.

«Елімізде 2022 жылдан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен қайта атала бастаған Республика күні, яғни 25 қазан – жалғыз ұлттық мейрам болып табылады. Ал 16 желтоқсан – мемлекеттік мерекелер қатарына көшірілді», - дейді «Алатау» газетінің редакторы Баян Таңатарова.

Олай болса, еліміздің Егемендік алған күні құтты болсын дей отырып, Қаратал ауданының жас ақыны Лида Жанботаның «Ақ бұлақтың сыңғыры» кітабынан «Тәуелсізбін» өлеңін және Кербұлақ ауданы Сарыбұлақ орта мектебінің түлегі, болашақ журналист Ақбота Баймеделдің мектеп қабырғасында жүргенде жарық көрген «Жүрегімнің сыры» кітабынан уыз жырын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

ҚАЗАҚСТАНЫМ, ҚАРЫШТА

Сөзі: Сембек Абдрахмановтікі
Әні: Амангелді Тоқымбековтікі



Отаным, бай өлкем жайнаған,
Халқым бар сол жерді жайлаған.
Таулар мен жазықтар, өзен, көл,
Ортасы мол бақыт кең далам.

Қайырмасы:

Қыран боп қалықта,
Әуенім шарықта,
Көк Туым желбіреп,
Жігер бер алыпқа,
Қазақстан, қарышта!

Елтаңбам көрінер еңселі,
Көк Туым тулардың ең сәні.
Әлемге шарықтап, қалықтап,
Шырқалсын шаттықты Гимн әні!

Қайырмасы:

Қыран боп қалықта,
Әуенім шарықта,
Көк Туым желбіреп,
Жігер бер алыпқа,
Қазақстан, қарышта!

ТӘУЕЛСІЗБІН

Лида Жанбота



Тәуелсізбін, ешкімге емес мүдделі.
Қасіретке қойдым соңғы нүктені.
Бейбіт елім, ашық аспан астында
Осы емес пе қазағымның күткені?

Тәуелсізбін, қанат қаққан көсіліп,
Белін буған өркениет көші нық.
Жасампаз боп өмір сүру – тілегім,
Алпауыттың елуіне қосылып.

Тәуелсізбін, кеңге құлаш сермеген,
Дұшпандарға қолдан намыс бермеген.
Болашаққа алтын көпір жол салып,
Еңбек етіп, ақ самайы терлеген.

Тәуелсізбін, адал жүріп жол тапқан,
Жүріп өттім талай қиыр, соқпақтан.
Қонақжайлы, ашық-жарқын болмысым,
Қаһарлы жыл суық көшін тоқтатқан.

Тәуелсізбін! Басып өттім қарлы шың,
Дұшпандардың елемей еш қарғысын.
Ойлы-қырлы соқтықпалы жолға сап,
Мынау өмір менен талай алды сын.

Тәуелсізбін, қиыншылық көп көрген,
Патшалықтар қанжығаға бөктерген.
Жасырсам да оны ішіме бәрібір,
Ұлы тарих сыр шертеді өткеннен.

Тәуелсізбін, өмір көште сыналған,
Сынға түсіп, зор нәтиже шығарған.
Мың өлсе де мың тірілген ел үшін
Жүзеге асты бүгінгі таң тың арман.

Тәуелсізбін, көз тастаған ғарышқа,
Ұшқыр қиял жетелеген алысқа.
Тереземіз тең елетін өзгемен,
Ғажап емес айналуым барысқа.

Тәуелсізбін! Елім үшін серт алғам,
Сақадай сай: Әнұран, Ту, Елтаңбам.
Ұлдарың бар ел басқарған ақ жүрек,
Елі үшін самайынан тер тамған.

Тәуелсізбін! Ата Заңым – айбынды,
Елім дархан – кең пейілді, қайырымды.
Биіктерге, тек қана өрге ұмтылам,
Баққа балап өткен-кеткен қайғымды.

ҚАЗАҒЫМ

Құралай Мұсанова



Мінезі – тұлпар, көңілі – сұңқар қазағым,
Аз емес ауыр күндерде кешкен азабың.
Даламдай дархан, тұлғалы асқақ шыңсың-ау,
Бәріне шыдап, ілгері басты қадамың.

Білмейді кімдер қан төккен зұлым жоңғарды,
Қажырлы елім қырық жыл одан қорғанды.
Көк бөрі елдің - қас жаулар зұлым заманда
Мақсат қып тұтты – ұрпағын тегіс жойғанды.

Ауырға төзіп, қиынды жеңіп келеміз,
Алқынып жүрек, сыздайды сызат денеміз.
Бодан да болдық. Азамат ұлдан айырды,
Тілімде ізін әлі де айқын сеземіз.

Жетпіс жыл киген қамытты шешіп тастадың,
Егемен ел боп тірлікті қайта бастадың.
Алғашқы қадам қашан да «тәй-тәй» болғанмен,
Құламай тұрдың, нықталды қадам басқаның.

Мұхиттан асып, сығалап келді дағдарыс,
Гуледі әлем, тұтанғандай-ақ бар қамыс.
Толағай таусың, әлемді өрт шалса да
Міз бақпай тұрсың, көкірек толған ар-намыс.

Егемен елім, тәуелсіз бүгін күн кештің,
Бебіт өмірдің тірлігіменен үндестің.
Қасиет қонған киелі жұртың аман ғой,
Көп ұлтты жиған еліңді қалай сүймес кім?

Момақан елім, бейбіт деп әлем таныды,
Сындыра көрме өркендеуде де сағыңды.
Қазақстанымды «Мәңгілік ел» деп білсін жұрт,
Жастарың өссін ержүрек әрі жалынды!

ОТАН

Ақбота Баймедел



Отан менің мәңгілік
Әнімде жүрер жыр екен.
Отан деген біздерге
Берілген бақыт, нұр екен.
Отансыз өткен әрбір жан
Опасыздармен тең екен.
Отан деген мен үшін –
Күбір сөзбен айтпайтын
Қасиетті жыр екен.
Отан барда мен бармын,
Отан маған пана екен.
Отансыз жан қор болса,
Нағыз бақыт менде екен.
Отаны бар болса да
Өзгелерге қызыққан –
Нағыз сорлы сол екен.
Нағыз батыр ел үшін
Қан майданда жан берген.
Нағыз ерлік ел үшін
Ауыр жүкті өңгерген.
Қазақтың жерін қорғаған –
Нағыз батыр, от кеуде.
Отанынан ұялар
Опасыздар көп неге?
Отан деген біз үшін –
Барлық байлық емес пе?
Егеменді елміз біз -
Ұмытпай сақта сен есте!

Бетті дайындаған: Құралай МУСАНОВА

Дүйсенбі - Понедельник, 26 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Отаным менің» Саят Медеуов
08.00 Мульсериал «Повелительница города сказок»
09.15 Мультсериал «Белка и Стрелка тайны космоса»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
11.00 Кино «Жақсылық»
13.00 «Демография роста»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
15.35 «Біздің елдің жігіттері»
16.45Тарихи кино «Ұлы дала таңы»
20.00 Телехикая «Келінжан»
23.00 Кино «Ауылбайский участковый»
00.45 Сериал «Чужие родные»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Моя родная»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Бахыт деген сенің бала күндерің»
13.25 «В поисках счастье»
13.55 «Ұзақ жасағандар сыры»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.10 «Көреміз шоу»
20.00, 01.25«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины возвращение»
01.55 «Подкидыш»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Махаббат әлемі»
08.40 Сериал «Пламя жизни»
10.45 «Малай»
13.30 «Битва экстрасенсов реванш»
16.15 Сериал «Пламя жизни»
18.15 Сериал «Топтун»
20.30 «Битва экстрасенсов реванш»
23.00 Сериал «Агенты справедливости»
01.00 Сериал «Топтун»
02.30 Сериал «Аңсаған сәби»
03.30 «Закира»
04.10 «ктк қоржыны»
05.15 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 «Бір кітап»
10.00 «Угөгәй melody»
10.20 Концерт «День Республики Астана»
11.10 «Тарлан»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «ДАRA LINE»
17.00 К/ф «Оқылмаған хаттар»
18.00 «19 аймақ»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Менің елім»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тиын мен түйін»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өз үйім өлең төсегім»
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Өнер қырандары»
08.30 Мультсериал «Губка Боб»
09.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
09.30«Черепашка ниндзя»
10.10 «Қалаофф»
11.30 телехикая «Қорған»
12.10 худ. фильм «Конь Юлии и большие скачки»
14.00 худ. Фильм «Доспехи бога-2»
16.40 худ. фильм «Черная пантера: Ваканда навеки»
20.20 худ. фильм «Великолепная семерка»
23.20 худ. фильм «Вспомнить все»
01.40 худ. Фильм «Влюбленное сердце»
03.50 «Time Vine» ойын-сауық
04.00 «Тик ток» ойын-сауық
04.20«What's up?» ойын-сауық
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.000 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
05.20 Мерекелік концерт
07.00 Любимое кино «Пес, Барбос..» «Самогонщики»
07.40 «Доспехи бога: В поисках сокровищ»
10.10 «Москва слезам не верит»
13.20 Көркем фильм «Хотя бы кинода 4»
15.50,18.00 Телесериал
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
22.50 «Жұмбақ қыз»
01.00 «Сен БОССың»
02.10 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.20Тазалық уақыты

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Балгеймер» жеке кәсіпкері 2026 жылғы 3 қарашадан 9 қарашаға дейін Жетісу облысы, Текелі қаласындағы «Балгеймер» ЖК үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°51'48,87»СЕ, 78°44'3,41»ШБ.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Балгеймер» ЖК Жетісу облысы, Текелі қаласы, Д. Қонаев көшесі, 154Д ғимарат. Тел.: 8 777 789 94 39, электрондық пошта: balgeimer.de@mail.ru

Әзірлеуші: «Экология» ЖК. Тел.: 8 777 343 34 66. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі, 120/50. Электрондық пошта: Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады.

Жетісу облысының Табиғи ресурстар басқармасы ММ: Тел.: 8 (7282) 32-92-67,

8 777 171 90 39. Электрондық пошта: priroda@zhetisu.gov.kz. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

Жергілікті атқарушы органның (ЖАО) сайты: https://ndbecology.gov.kz

Бастамашының сайтындағы ақпарат: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru

Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтындағы «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде және priroda@zhetisu.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Сейсенбі - Вторник, 27 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Біздің елдің жігіттері» Досымжан Таңатаров
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Өзекті»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.00 «Ауылбайский участковый»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Чужие родныеи»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Моя родная»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05«Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.10 «Көреміз шоу»
20.00, 01.35«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины»
01.55 «Подкидыш»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар» қайталау
07.35 «Әнім сен едің» қайталау
08.00 Вечерние новости
08.40 Сериал «Пламя жизни»
11.00,00.20 Сериал «Агенты справедливости»
13.30 «Битва экстрасенсов реванш»
16.15 Сериал «Пламя жизни»
18.15 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
02.10 Сериал «Топтун»
03.40 Сериал «Аңсаған сәби»
04.40 «Закира»
05.20 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Тиын мен түйін»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Чудо великое-Дети»
14.30 «Сергек»
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости
16.15 Ауа райы
16.20 К/ф «Сиқырлы сақина»
17.00 Әсем әуен
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Упавшие в пропасть»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Әкем анам үшін»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын»
06.50,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
07.00 «Қалаофф»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Кунг Фу Панда»
10.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
10.30 «Ганзель Гратель и агенство магии»
13.00 худ. фильм «Робо-пес»
15.00 худ. фильм «Тор: Любовь и гром»
17.50 худ. фильм «Лара Крофт: Расхитительница гробниц»
20.00 Информбюро (қаз,рус)
21.00 худ. фильм «Неудержимые»
23.10 «Крид-3»
01.50 худ. фильм «Любовь не сломить»
04.10 «Time Vine» ойын-сауық
04.20 «Тик ток» ойын-сауық
04.30«What's up?» ойын-сауық
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.00 Телевикторина «Bala battle»
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40, 16.00, 18.30, 01.10 Телехикая
08.00 Новости утро
10.50 Союзмультфильм
13.00Жаңалықтар. тікелей эфир
13.15 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
15.40 «Ну погоди»
18.00 Қорытынды жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Итоговые новости прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
02.20 «Тек қана қыздар»
03.20 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20Тазалық уақыты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Индивидуальный предприниматель «Балгеймер» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 3 ноября по 9 ноября 2026г. по Разделу «Охраны окружающей среды» для ИП «Балгеймер» в г.Текели области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°51'48,87»СШ, 78°44'3,41»ВД.

Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Балгеймер» область Жетісу, г.Текели ул. Д. Конаева, стр. 154Д. Тел.: 8 777 789 94 39, e-mail: balgeimer.de@mail.ru

Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО https://ndbecology.gov.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и priroda@zhetisu.gov.kz

Сәрсенбі - Среда, 28 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Уақыт» Тоқтар мен Бейбіттің шығармашылық кеші
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Балам үшін»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.20 Кино «Воришки»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Чужие родные»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Падение ордена»
06.50 Сериал «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05«Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.10 «Көреміз шоу»
20.00, 01.25«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины возвращение»
02.05 «Подкидыш»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар» қайталау
07.35 «Әнім сен едің»
08.00 Вечерние новости
08.40 Сериал «Пламя жизни»
11.00,00.10 Сериал «Агенты справедливости»
13.30, 21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
16.15 Сериал «Пламя жизни»
18.15, 02.10 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.40 Сериал «Аңсаған сәби»
04.40 «Закира»
05.20 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Агро аймақ»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Біздің толқын»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Silk way star кульнурная дипломатия»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Туған күніңізбен анашым»
17.00 «Угөгәй melody»
18.00 «19 аймақ»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ ф «После огня»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Біздің бренд
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Алдар көсе»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын»
07.00, 20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Қалаофф»
09.00 Мультсериал «Кунг Фу Панда»
09.30«Черепашка ниндзя»
10.10 «Паутина Шарлотты»
12.20худ. фильм «Неудержимые»
14.50 худ. фильм «Великолепная семерка»
18.00 худ. фильм «Защитник»
21.00 худ. фильм «Неудержимые-2»
23.10 «Призрак в доспехах»
01.30 худ. фильм «Ганг, твои воды замутились»
04.10 «Time Vine» ойын-сауық
04.20 «Тик ток» ойын-сауық
04.30«What's up?» ойын-сауық
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.00 Телевикторина «Bala battle»
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40, 16.00, 18.30, 01.10 Телехикая
08.00 Новости утро
10.50 Союзмультфильм
12.10, 00.10 Әзілің жарасса
13.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
13.15 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
15.40 «Ну погоди»
18.00 Қорытынды жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Итоговые новости прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
02.20 «Тек қана қыздар»
03.20 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20Тазалық уақыты

В Талдыкорганском городском суде рассматривается гражданское дело о признании безвестно отсутствующим Махамбетова Кымбат Даукеновича 28.06.1955 года рождения. О месте нахождения которого, если известно просим сообщить по телефону: 8-702-210-89-90

САЙЫННЫҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІ

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»

Қазақ әдебиеті бас-аяғы жүз жылдың ішінде кемелденіп, толысып, биік тұғырына қонды. Тебінгіге жетер-жетпес судан телегей теңізге айналды. Осы көкжайқынға сансыз бұлақ, қаншама өзен келіп барын құйды, нәрін төкті. Қотарылып құйылған арналы өзеннің бірі – Сайын Мұратбеков шығармашылығы деп аталады. Жазушының тағылымды өмірбаяны, шығармашылығы туралы барлық баспа беттерінде ақпарат желілерінде айтылып жатады және ол тоқтаусыз жалғаса береді. Себебі, жазушы Сайын Мұратбеков артына өшпестей мұра қалдыра білді.



Сахна көрінісі

мен хикаяттары. Дер кезінде жұлынған жемістердей шырыны да сүйкімін таныта алатындай сындарлы туындылар».

МЕРЕЙТОЙҒА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

Өткен аптаның бейсенбі күні ешкімге ұқсамайтын көркемдіктің шебері жазушы Сайын Мұратбековтың 90 жылдық мерейтойлық конференциясы Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы мәдениет үйінде аталып өтті.

Кешті жүргізуші Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов сахна төріне Мағрипа, Майра Мұратбековалармен қатар Мереке Құлкеновті және Әміре Әрінді шақырып, қазіргі ақын, жазушылардың шығармаларынан тұратын «Суреткер» атты кітаптың тұсаукесері жасалынды. Алғашқы құттықтау сөз алған облыс әкімінің міндетін атқарушы Әлібек Әскербекұлы Жақанбаев ҚР вице президенті Ерлан Қариннің құттықтауын жеткізді:

Әдебиеті бар елдің – рухы бар, танымы мен тарихы бар. Ендеше сол әдебиетті жасаушы қаламгерлердің еңбегі халықтың қашанда асыл мұрасы болып қала береді. Сайын Мұратбеков – қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар, адам жанына терең бойлайтын көркемдік әлемі бөлек қаламгер. Оның шығармалары туған жердің топырағын, ауылдың тынысын, балалықтың бал шағын, адам көңілінің қыртыс-қатпарларын қапысыз сезіндіреді. Қаламгер тақырыпты алыстан іздеген жоқ. Өзі туып-өскен өлкедегі замандастарының, қарапайым ауыл адамдарының тыныс-тіршілігінен, өзара қарым-қатынасынан, тағдыр талайынан адамгершілік, адалдық, мейірім, ар-ұят секілді мәңгілік құндылықтарды көркемдікпен кестелей білді. Сайын Мұратбековтің Жетісу топырағынан түлеп ұшқаны – біз үшін үлкен мәртебе, – делінген құттықтау қағазында.



С.Сейфуллин атындағы кітапханада

Әдебиеттің өміршеңдігі оның адам жүрегіне жол табуымен өлшенеді. Ал адам жанының нәзік иірімдерін шынайы суреттеп, қарапайым тіршіліктің өзінен үлкен тағылым түйе білген қаламгерлердің шығармалары уақыт өткен сайын жаңғырып, оқырманмен қайта қауышады. Қазақ прозасында осындай сыршылдық өрнегін қалдырған көрнекті жазушы Сайын Мұратбековтің әдеби мұрасы да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, рухани құндылығын жоғалтқан емес.

Келелі кездесуде сөз алған қаламгер-публицист Жүсіпбек Қорғасбек Сайын Мұратбековті «соңғы классик» деп атады. Айтуынша, «Соңғы классик» ұғымы – әдебиеттанудағы нақты әрі бәрі бірдей мойындаған ғылыми дәреже емес, белгілі бір қаламгердің әдеби үдерістегі орнын сипаттайтын бағалау ұғымы.

– *Жазушы кейіпкерлерінің жан дүниесін ашуда асығыстыққа бармайды. Олардың сезімін бүкпесіз жайып салмай, күнделікті өмірдегі әрекеттері, сөздері арқылы танытады. Кейіпкерлерінің тағдыры арқылы адам болмысының күрделі қырларын көрсетеді. Мұндай ерекшелік «Жабайы алма» повесінде де айқын байқалады. Шығарманы оқығанда, оқиғалардың сыртқы желісінен гөрі адам жанының тереңіндегі сезімдерге көбірек үңілесің. Сайын Мұратбековтің жазушылық қуаты да осында. Ол оқырманға ойды күштеп таңбайды, сезімді қолдан жасамайды. Оның шығармаларындағы мұң, сағыныш, мейірім мен адамгершілік табиғи қалпында көрінеді. Қарапайым оқиғалардың өзінен үлкен мағына таба білуі қаламгердің көркемдік шеберлігін танытады. Жазушының шығармалары кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік жылдарында да оқырманын жоғалтқан жоқ. Қаламгердің қазақ әдебиетіндегі орны мен көркемдік мұрасының өміршеңдігі Сайын Мұратбековті «соңғы классик» атауға толық негіз,* – деді Жүсіпбек Қорғасбек.



Суреткер атты кітаптың тұсауын кесу сәті



Өз кезегінде сөз алған жерлесіміз әдеби «Алаш» сыйлығының иегері Әміре Әрін төмендегідей ой тұжырымын жеткізді

-«Жабайы алма» хикаятын оқымаған жан жоқ шығар. Иіршиір таусылмас тіршілік қамы. Еңбекке ойын балалары да тартылған. Масақ тереді. Әрбір дән - жауға атылған оқ! Әр оқушы күніне 2 атдорба масақ жинауға тиіс. Солардың бел ортасында, әрине автордың өзі де жүрді. Жазушылық жұлдызын жарқыратқан өмір мектебінен дәл осылай өтті де!

Қаламгер бір сұхбатында: «Меніңше, өзің өмір сүріп отырған орта, өзің күнделікті араласқұралас жүрген замандастарың туралы ғана дәл жазуға болады. Мен өз басым жақсы білетінімді, бастан кешкенімді жазамын» деп ағынан жарылған болатын. Шындығы да осы! Барлық туындыларында осы бір ордалы ойының сілемдері атойлап алдыңыздан шығады.

Қаламгердің кез келген шығармасының жетегіне бойыңыз бір ысып, бір мұздаған қалпыңызда, еркіңізден тыс ілесіп кете бересіз. Кейіпкерлердің ішкі қайшылықтары қаншалықты ширығып тұрса да, адалдық айдынына шомылып, ақзер сезім нұрымен қуаттанасыз. Сөз саптау мәнерінен бастап, ой-санасында пісіп, жетілген бейнелердің болмысын қиыннан қиыстыра кейіптеу, олардың әрқайсының табиғатына тән тілдік ерекшелікті дәп басу, негізгі образдардың психологиялық лиризм шуағы арқылы көркем сомдалуы – суреткерлік кемелдігі, қазақ прозасының алтын көмбесі деп бағалаймыз.

Сайын Мұратбековтің жерлесі әрі шәкірті саналатын Арасанбай Естен кезегімен сөз алып естеліктерді жалғастырды.

– *Қаламгердің туындыларын оқығанда, көз алдымызға қарапайым ауыл көріністері, балалық шақтың ұмытылмас сәттері, көңілде сақталған аяулы естеліктер келеді. Алайда осы қарапайым көріністердің астарында адам жанының терең сыры жатады. Сайын Мұратбеков кейіпкерлерінің бойындағы мейірімділікті, жалғыздықты, сағыныш пен арманды нәзік сезіммен суреттейді. Сондықтан оның шығармалары оқырманды бейжай қалдырмай, адам өмірі мен тағдыры туралы терең ойға жетелейді,* – деді Арасанбай Естен.

Сайын Мұратбеков жайында Әділбек Ыбырайымұлы да өз бағасын бере отырып, жүрекжарды жақсы-жақсы пікірлерімен бөлісті.

Сайын Мұратбековтің 90 жылдық мерейлі жасын атап өтуге орай қаламгердің туған ауылы Қоңыр ауылында спорттық турнирлер, Талдықорған қаласындағы Сайын Мұратбеков атындағы № 9 орта мектепте оқушылармен тағылымды іс-шара өтіп жатқандығын Қуаныш Сүлейменов хабарлады.

Сол сияқты облыстық С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханада да Сайын Мұратбековтің туғанына 90 жыл толуына орай оқушылар



арасында «Сайын салған сырлы әлем» атты облыстық байқау өтті. Әдеби шараның негізгі мақсаты – жазушының бай мұрасын кеңінен насихаттау, жас оқырмандардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру және олардың шығармашылық қабілетін шыңдау. Осы мақаланы жазу барысында ішкі дүнием толғанысқа бөленіп, төмендегідей жыр шумақтары туды:

Суреткерді әкелген сайын дала,
Бала шақтан бал жиған
Сайын бала.
Жабайы алма ащы дәмін татып
өсіп,
Жусан исін паш етті ерек дара!

Қыран келіп қонғандай тұғырына,
Оқырман еніп айдын тұнығына.
Елес болып сары дала,
сайын дала,
Жусан исі келеді мұрыныңа.

Елің, жұртың сенен еш
қол үзбейді,
Сайын менен сары дала егіз дейді.
Өтіп жатыр 90 жас мерейтойың,
Жабайы алма жемісі сені іздейді.

Сайынды оқу керек және одан үйрену керек екендігін кешке қатысқан көп тыңдарман көңілдеріне түйіп қайтты.

ОНЫҢ ЗАМАНДАСТАРЫ ОҒАН ТҮРЛІ БАҒА БЕРГЕН ЕСТЕЛІКТЕР ҚАЛДЫРҒАН

Шерхан Мұртаза

«Зергер сөздің шебері жазушы Сайын Мұратбеков өмірдің болмысын шынайы бейнелейтін таңғы шықтай мөлдір шығармалары арқылы оқырмандардың жан жүрегін баурап,ықылас құрметіне бөленген дарын иесі. Сайын - біздің ұлттық құндылығымыз, оның шығармасының ғұмыры ұзақ. Бүгін болмаса ертең, ұлтына қарамай-ақ өз оқырманымен ажырамастай табысатыны көмілі»

Нұрлан Оразалин

«Өмір...Қоғам...Дәуір... адамдар дейтін мына мәңгілік қозғалыстың қара көргі болған ұғымдарға жиырмасыншы ғасырдағы басынан қайғы мен қасіретті көп өткізген, Жұбан ақынның тілімен айтқанда, «мың өліп, мың тірілген қазақтың» жанын, жүрегін, ойын, санасын шағын әңгіме дейтін жанр үлгісінде өрген жазушы Сайын Мұратбековтің ұлт кеңістігіндегі үлгісін, жолы, жөні бөлек, ешкімге ұқсамайтын көркемдік шеберліктің жемісі деп бағалауымыз керек.».

Әбіш Кекілбаев

«Табиғаты әсем өлкеде туған суреткер көзін аша сала көрген әлемді сөзбен тіркеуге тырысты. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ сөз өнері жәрмеңкесінің бір төрінде - Жетісу бағынан жаңа үзіп әкелген бір себет миуадай жұпар аңқып бір үйір кітаптар тұрар. Ол – Сайын Мұратбековтің әңгімелері

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 41 (1304) 23.10.2026 Алатау

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАР!



Сіздерді еліміздің ең маңызды мемлекеттік мерекелерінің бірі – 25 қазан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – халқымыздың азаттыққа деген асқақ арманын ақиқатқа айналдырған, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына негіз болған тарихи күн. 1990 жылғы 25 қазанда Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы еліміздің дербес даму жолындағы маңызды қадам болды. Республика күні – елдігімізді айшықтап, бірлігімізді бекемдейтін, өткенімізге тағзым етіп, болашағымызға сеніммен қарауға үндейтін қастерлі мереке.

Еліміздің өркендеуі әрбір өңірдің дамуымен тығыз байланысты. Облыс орталығы Талдықорған қаласы да жыл өткен сайын жаңарып, көркейіп келеді. Қаламызда тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, әлеуметтік нысандарды дамытуға және қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Әрине, қаламыздың бүгінгі келбеті мен жетістіктері – ең алдымен еңбекқор тұрғындарымыздың, ел игілігі жолында аянбай тер төгіп жүрген азаматтарымыздың ортақ еңбегінің нәтижесі.

Біздің басты мақсатымыз – халықтың сенімін ақтап, Талдықорғанды өмір сүруге жайлы, келешегі кемел, көрікті қалаға айналдыру. Бұл жолда тұрғындардың ұсыныс-пікірлері мен қоғамдық белсенділігі әрдайым маңызды орын алады.

Қадірлі жерлестер!

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың аманаты, ал оны нығайтып, келер ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ парызымыз. Еліміздің ең басты байлығы – бейбітшілік, татулық пен бірлік. Осы құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, туған жеріміздің дамуына бірлесе үлес қоса берейік!

Осынау айтулы мерекеде әр шаңыраққа амандық, бақ-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін! Еліміздің егемендігі мәңгілік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі үстем болсын! ***Республика күні құтты болсын!***

Ізгі тілекпен,
Талдықорған қаласының әкімі
Ернат БӘЗІЛ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ — ЕЛДІГІМІЗДІҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ



Құрметті жетісулықтар! Сіздерді ұлттық мерекеміз — Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мерекенің тарихымыздағы орны ерекше. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданып, еліміздің дербес даму жолына түсуіне негіз қаланды.Сондықтан Республика күні — тәуелсіздігіміздің бастауларын еске алып, елдігіміз бен бірлігімізді ұлықтайтын маңызды мереке.

Елдің еңсесін көтеріп, болашағын баянды ететін күш — бірлік пен жасампаз еңбек. Әр азаматтың өз ісіне жауапкершілікпен қарап, туған жерінің дамуына қосқан үлесі мемлекетіміздің дамуына қызмет етеді. Жетісу өңірінің көркеюі де тұрғындардың ынтымағы мен еңбегінің, ел болашағына деген сенімінің нәтижесі.

Алдымызда жүзеге асыратын міндеттер мен биік мақсаттар аз емес. Соларға жету үшін ел ішіндегі татулықты сақтап, ортақ іске жұмыла білу маңызды. Бірлігі бекем жұрттың алынбайтын асуы жоқ. Еліміздің әр өңірінде игі бастамалар жалғасын тауып, халықтың әл-ауқаты арта берсін.

Осы мерейлі күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Әр шаңырақта шаттық орнап, еліміздің келешегіне деген сенім нығая берсін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз бекем, көк туымыз әрдайым биікте желбіресін!

Республика күні құтты болсын!

Текелі қаласының әкімі
Айдос Бекетаев

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!



Баршаңызды еліміздің ең маңызды мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! 1990 жылы 25 қазанда тәуелсіздіктің бастауы егеменді Қазақстан Республикасы болдық. Яғни біз көптеген ішкі мәселелерімізді Москваның рұқсатынсыз – ақ шеше алатын жағдайға жеттік. Республика күні бізге ата-бабамыз аманаттаған тәуелсіздіктің қадірін терең сезіндіріп, Отанға деген махаббатымызды арттыра түседі. 2022 жылғы қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бұл күнге ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды

Ескелді ауданы – тарихы тереңде жатқан, дәстүрі дарқан, еңбекқор да қонақжай халқы бар берекелі өңір. Туған жеріміздің көркеюі, ауданымыздың өркендеуі, жерлестеріміздің әл-ауқатының артуы – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Бірлігі жарасқан елдің болашағы әрдайым жарқын болмақ.Осы айтулы мереке қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға бақ-береке, молшылық тілеймін! Еңбектеріңіз жемісті, жоспарларыңыз іске асып, әр үйде қуаныш пен шаттық салтанат құрсын! Еліміздің тыныштығы мен бірлігі бекем болсын!

Ескелді ауданының әкімі
Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ! ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!



Баршаңызды еліміздің қастерлі мерекелерінің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! 25 қазан – халқымыздың тәуелсіздік жолындағы тарихи таңдауын айқындаған, мемлекетіміздің егемендігі мен елдік мұраттарын ұлықтайтын айрықша мереке. Бүгінде еліміздің дамуы мен болашағы әр азаматтың адал еңбегіне, жауапкершілігіне және ел тағдырына деген жанашырлығына байланысты.

Біздің ауданымыздың да басты байлығы – оның еңбекқор халқы, берекелі тіршілігі мен жарқын болашаққа деген сенімі. Қасиетті жеріміздің көркеюі, тұрғындардың әл-ауқатының артуы, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолындағы жұмыстарымыз ел игілігі үшін атқарылып келеді. Алдағы уақытта да ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайтып, халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғасын табады деген сенімдемін.

Осы айтулы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін! Еңбектеріңіз жемісті, бастамаларыңыз сәтті болып, әр шаңырақтан қуаныш пен жақсылық арылмасын. Көк байрағымыз әрдайым биікте желбіреп, тәуелсіздігіміз тұғырлы, халқымыз аман болсын! Киелі жеріміздің мерейі үстем бола берсін!

Республика күні құтты болсын!

Қаратал ауданының әкімі
Ұлан Әлдибекұлы Досымбеков

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ, ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды еліміздің ең қастерлі мерекелерінің бірі – Республика күнімен Көксу ауданы әкімдігінің атынан құттықтаймын!

Республика күні – халқымыздың мемлекеттілік жолындағы тарихи таңдауын айқындап, тәуелсіздікке бастар жолдың маңызды белесіне айналған айрықша күн. Бұл мереке елдігімізді дәріптеп, ұлттық рухымызды асқақтатумен қатар, азаттықтың қадірін терең сезініп, ортақ Отанымыздың болашағына деген жауапкершілігімізді арттыра түседі.

Бүгінде Қазақстанның өркендеуі жолында әр өңірдің өзіндік орны бар. Туған жердің гүлденуі мен елдің дамуы өзара сабақтас. Осы ортақ мақсатқа Көксу ауданының



тұрғындары да адал еңбегімен үлес қосып келеді. Ауданымызда ауыл шаруашылығы мен өндірісті дамыту, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту бағытында жұмыстар жүргізілуде. Мұның барлығы туған өлкеміздің әлеуетін нығайтып, келешекке берік негіз қалауға бағытталған. Республика күні – өткенімізге тағзым етіп, бүгінімізді бағалап, ертеңімізге сеніммен қарайтын мереке. Осы айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін! Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, бірлігіміз мәңгі, болашағымыз жарқын болсын! Қасиетті Көксу жері көркейіп, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың абыройы асқақтай берсін!

Республика күні құтты болсын!

Көксу ауданының әкімі
Дәулет Кенжеханұлы Халелов

ЖАСАЙ БЕР, ҚАЗАҚСТАН!



Сіздерді еліміздің ең ұлық мерекелерінің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінде Қазақстан жаңа даму кезеңіне қадам басып, ел болашағы үшін маңызды өзгерістерді жүзеге асыруда. Жаңа Конституцияның қабылдануы – осы жолдағы маңызды қадамдардың бірі. Ата Заң – мемлекеттілігіміздің берік негізі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Оның басты мәні заң үстемдігін сақтау, әділетті қоғам қалыптастыру және әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігін арттырумен тығыз байланысты.

Елдің өркендеуі әр өңірдің дамуы мен азаматтардың еңбегінен басталады. Осы бағытта Алакөл ауданында да тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту, елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жетілдіру, ауыл шаруашылығы мен туризмді өркендету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Басты мақсат – ауданымыздың әлеуетін тиімді пайдаланып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау және келер ұрпаққа дамыған өлке қалдыру.

Бұл міндеттерді жүзеге асыруда ел бірлігі мен ортақ іске деген жауапкершіліктің маңызы зор. Ауданымыздың өсіп-өркендеуі – баршамызға ортақ мақсат. Сондықтан туған жерді көркейтуге үлес қосып, ел болашағы үшін бірлесе еңбек етуіміз қажет.

Республика күні 25 қазан

Осы мерейлі мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық салтанат құрып, бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Туған жеріміз гүлденіп, Қазақстанымыздың абыройы асқақтай берсін! Республика күні құтты болсын!

Құрметпен,
Алакөл ауданының әкімі
Алмас Сапарғалиұлы Абдинов

ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІГІ БАЯНДЫ, БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ БОЛСЫН!



Құрметті ақсулықтар! Ардақты жерлестер!

Сіздерді еліміздің ең қастерлі мерекелерінің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Республика күні – халқымыздың мемлекеттілік тарихындағы айрықша белесті айқындайтын, елдігімізді ұлықтап, ұлттық рухымызды асқақтататын мереке. Тарих үшін қас-қағым сәт саналатын осы кезеңде еліміз дербес мемлекет ретінде қалыптасып, халықаралық аренада өзіндік орны бар мемлекетке айналды. Экономикамыз дамып, әлеуметтік саламыз жаңарып, ұлттық мәдениетіміз бен руханиятымыз өркендеді. Мұның бәрі – халқымыздың бірлігі мен табанды еңбегінің, ел болашағына деген сенімінің нәтижесі. Әрине, туған өлкенің өркендеуі – тек құрылыс пен жаңарудың нәтижесі емес. Оның негізінде елге деген жанашырлық, адал еңбек, ауызбіршілік пен ортақ жауапкершілік жатыр. Ауданымыздың дамуына үлес қосып жүрген еңбек адамдарына, ардагерлерге, ұстаздарға, дәрігерлерге, мәдениет және спорт саласының қызметкерлеріне, кәсіпкерлерге, жастарға және барша белсенді азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да ауданымыздың әлеуетін арттырып, елді мекендерді көркейту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Біздің басты мақсатымыз – әрбір тұрғын өзін туған жерінің дамуына үлес қосатын азамат ретінде сезінетін, жас ұрпаққа мүмкіндіктері мол, өмір сүруге қолайлы аудан қалыптастыру.

Республика күні 25 қазан

Республика күні – өткенімізге тағзым етіп, бүгінімізді бағалайтын, болашаққа сеніммен қарайтын мереке. Көк байрағымыз әрдайым биікте желбіреп, Қазақстанымыздың мерейі үстем бола берсін! Республика күні құтты болсын!

Ақсу ауданының әкімі
Берік Тынышбаев

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ТАРИХИ ҚАДАМЫНЫҢ СИМВОЛЫ



Қадірлі жерлестер! Баршаңызды еліміздің ең ұлық мерекелерінің бірі – 25 қазан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Республика күні – халқымыздың егемендікке деген ұмтылысын, елдігіміздің берік негізін және тәуелсіздігіміздің тарихи бастауларын айшықтайтын ерекше мереке. Бұл күн Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына жол ашып, азаттыққа бастап, маңызды саяси-құқықтық негіз қалады. Республика күні алғаш рет 1992 жылы аталып өтті. Кейін 2001 жылы мемлекеттік мереке мәртебесіне ие болғанымен, 2009 жылы мерекелер тізімінен алынып тасталды. Ал 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда айтқан ұсынысына орай Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді. Сөйтіп, халқымыз үшін тарихи маңызы зор бұл мереке қайта жаңғырды. Сондықтан Республика күні – бүкіл еліміз үшін ерекше мәнге ие, айрықша дата! Республика күні – елдігімізді дәріптеп, егемендігімізді бағалайтын, өткенімізге тағзым етіп, болашағымызға сеніммен қарайтын ұлық мереке. Бұл күн әрқайсымызға Отан алдындағы жауапкершілігімізді сезіндіріп, туған жеріміздің көркеюіне үлес қосуға жігер береді. Еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы, егемендігі еңселі болсын! Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз жарасымды болғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көк байрағымыз көгімізде мәңгі желбірей берсін!

Республика күні 25 қазан

Құрметпен
Панфилов ауданының әкімі
Сағымбек Ғалымжан Рахымбердіұлы

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!



Баршаңызды Ұлттық мереке - Республика күні және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 36 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – тәуелсіздігіміздің бастауы болған ата-бабамыздың арманы жүзеге асып, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн, ұлттық мереке .

Тәуелсіздігіміздің алтын тұғыры саналатын Республика күнінің маңызы зор. Халқымыз үшін аса қастерлі, ең ұлық мейрам.

Республика күнінің қазіргі өскелең ұрпақ үшін маңызы жоғары. Еліміздің осы уақыттан бері бағындырған шыңдары да, атқарған игі істері де жетерлік.

Сонымен қатар, мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі. Осынау Ұлы күні баршаңызға амандық тілеймін, еліміз еңселі, болашағымыз жарқын, көк Туымыз аспанда мәңгі желбіресін демекпін! Бірлігіміз бекем, ел іргесі аман, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын, құрметті ағайын!

Мереке құтты болсын!

Республика күні 25 қазан

Құрметпен,
Кербұлақ ауданының әкімі
Ж. Жүнісбеков

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК



Құрметті Жетісу жұртшылығы! Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Республика күні – мемлекеттілігімізді нығайтып, егемендігімізді айқындаған, елдігіміз бен бірлігімізді дәріптейтін айрықша мереке. Бұл күн – халқымыздың азаттыққа деген асқақ арманын, тәуелсіз ел болуға деген ұмтылысын бейнелейтін тарихи белес. Сондықтан Республика күні әрбір қазақстандық үшін ерекше маңызға ие.

Қасиетті Жетісу жері – тарихы терең, табиғаты көркем, еңбеккөр халқының берекесімен ерекшеленетін өлке. Өңіріміздің өркендеуі мен туған жеріміздің көркеюі – ортақ мақсатымыз. Сарқан ауданының тұрғындары да ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға және келер ұрпаққа қолайлы орта қалыптастыруға өз үлестерін қосып келеді. Бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында алдағы уақытта да талай биікті бағындыратынымызға сенім мол.

Республика күні 25 қазан

Осы мерейлі мереке қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақ-береке тілеймін! Еліміздің аспаны әрдайым ашық, халқымыздың ынтымағы бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Қазақстанымыздың абыройы асқақтап, туған өлкеміз өркендей берсін!

Республика күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Сарқан ауданының әкімі
Ғалымжан Қанатұлы МАМАНБАЕВ

ТАРИХ ПАРАҒЫНАН

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАНДЫ?

“Егемендік шеруін” Кеңес Одағының құрамындағы одақтас республикалардың ішінде Балтық жағалауы мемлекеттері бастағаны белгілі. Белорусь және ТМД елдері – Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Молдова 1989-1990 жылдары өздерінің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдағанымен, осы тарихи маңызды құжат жария етілген күндерді мерекелер тізбесіне енгізген жоқ. Бірақ “Тәуелсіздік күні” ұлттық немесе мемлекеттік мерекесі ретінде атап өтеді.

Сол жылдары елімізде егемендікті жариялауды талап етушілер қатары өсіп, қоғамдық қозғалыстар көбейді. Алматы қаласындағы Жоғарғы Кеңес ғимаратының жанында саяси митингілер, пикеттер ұйымдастырып, аштық жариялаған жастар да болғаны жадымызда. Кей өңірлерде казачестволық бас көтеруі де халқымыздың наразылығын туғызып, әсіресе, жастардың ұлттық сана-сезімін оятып, егемендік идеясы төңірегінде ұйыстыра түсті.

Бұл декларация еліміздің алдағы даму жолын дербес белгілеуіне мүмкіндік берген алғашқы саяси құжат болды. Декларация жобаларын екі күн бойы қызылкеңірдек болып айтысып, тартысып талқылаған депутаттар ортақ шешімге келе алмауына байланысты 25 депутаттан тұратын арнайы келісім комиссиясын құрып, оның жұмысына жетекшілік жасауды депутат, академик Салық Зимановқа тапсырды. Осы комиссия он күн бойы жұмыс істеп, декларация жоба-ларының әрбір бабын жан-жақты қарап, талқылады. Декларация жобасы 1990 жылғы 25 қазанда Жоғарғы Кеңестің жалпы отырысында қаралды. Талқылау 6 сағатқа созылып, ақыры аса маңызды тарихи құжат депутаттардың көпшілігінің дауысымен қабылданды.

Егемендік декларациясын әзірлеуге және оны қабылдауға аянбай ат салысқан атақты заңгерлер, академиктер Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Қайрат Сапарғалиев, Мұрат Баймаханов, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, егемендік декларациясын қабылдаған Жоғарғы Кеңестің төрағасы болған Ерік Асанбаев, кімнің-кім екені анық байқалған сын сәттерде ұлттық мүдделерімізді шынайы жанашырлықпен қорғасып, “орыс халқының қазақ ұлы” атанған депутат Александр Княгинин сынды елін сүйген ерлердің ерен еңбегіне берілген әділ де лайықты баға екені де даусыз.

Кәрібай МҰСЫРМАН,
Қазақстанның құрметті журналисі

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 41 (1304) 23.10.2026 Алатау

ҚАЗАҚТА "САРҚЫТ" ДЕГЕН СӨЗ БАР

Сарқыт — бұл тойдан, қонақасыдан немесе үлкен жиындардан үйдегі балаларға немесе жиынға қатыса алмаған кісілерге дастарханнан ет, бауырсақ, тәтті, құрт, кәмпит ырымдап әкеліп, ауыз тигізу дәстүрі.

ДӘСТҮРДІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ:

- Ырым және ниет: Той мен қуаныштың жақсылығы, берекесі мен қасиеті шаңыраққа жұғысты болсын деген жақсы ниеттен туған.

- Қамқорлық пен құрмет: Жиынға келе алмаған балаларға, келіндерге немесе үйде отырған үлкендерге сыйласым мен қамқорлықтың белгісі ретінде беріледі.

- Тәрбиелік мәні: Үлкендердің жолы мен абыройын сыйлауға, ас қадірін білуге баулиды.

МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТЫЙЫМДАРЫ:

- **Айырмашылығы:** Сарқытты арнайы қонаққа тартылатын сыбағамен шатастыруға болмайды.

- Қаралы үйден сарқыт алынбайды: Этнографиялық дәстүр бойынша, қаралы астан немесе жаназадан сарқыт әкелуге болмайды («асты бөліп алудың ырымы жаман» деп саналады).

Өкінішке орай, қазір ондай тыйымдар еленбей жатыр...Өмірден қайтқан адам жас болса да, қария болса да рухына арналған дастархан «тоналып» жатады. Кейде сол сәтті бақылап отырып ойлайсың – бұл әдепсіздік емес пе? – деп.



Бірақ, «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» демекші, елдің оңтүстік өңірінде жас өлімнің құран оқылған дастарханынан ауыз тиіп қана қояды да, пакет көтеріп кету деген жоқ. Ал үлкен адам қайтқандағы дастарханнан «үлкен адам қайтса - той ғой, сол кісінің жасын берсін» - деп, пакетті көтергенше толтырып әкетіп жатады...

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚҰЛАҚҚАҒЫС

«Сарқыт» дегендегі айтпағымыз басқа еді, енді соған көшсек. «Сарқыт» сөзінің екінші мәнісіне үңілсек, ол - бір жағынан адамға ысырапшылдық пен үнемшілдік туралы ой салады. Себебі аста болсын, тойда болсын, басқа да тамақтану орындарында өтетін атаулы дастарханда болсын «сарқыт» алу әдеті кеңінен етек алып жатыр. «Босқа қалғанша» – деп сыпырып кетеміз ғой дастарханды...Бір қарасаң столда тек тарелкалар ғана қалады.

Негізінде, айтпағымыз дастарханға кеткен қаржы туралы еді. Дастарханға сатып алып әсемдеп қоятын тағамдарды дайындайтын кәсіпкерлер туралы. Басқаша айтқанда тамақ бағасы, оның сапасы және тұрып қалған өнімнің арзандамайтын құны.

Қазір аспаздықпен айналысатын кәсіпкерлер аз емес. Бұл өте пайдалы қызмет. Базар немесе дүкен сөрелерінде кәсіби аспазшылар жасаған өнімі үнемі сұранысқа ие. Тұрақты тұтынушысы бар кәсіп.

Қазір шәйдың дәмінің түрі сауда нүктелерінде толып тұр. Қонақ шақырғанда бұрынғыдай пысылдап газ плитасының жанында бауырсақ, торт немесе түрлі күлше пісіріп тұрмайсың, тапсырыс бересің де базардан барып ала бересің немесе тапсырыспен үйінен алып кетесің. Қазір бәрі бар. Жеті наның - шелпекке дейін сатылады. Етті асып қойып, дастарханыңа барыңды салып, дайындала бер қонағыңа.

Дегенмен сөреден сатып алған дәмдерің түрі жағынан алуан түрлі болғанмен, сапасы жағынан кейде кемдеу болып тұрады, өйткені бірнеше күн тұрып қалған «тауар». Ал тұрып қалған «тауар» бағасы жаңа пісірілгеннен арзандау сатылмайды - қақшиған тұрақты баға...

Аспаздық дүкендердегі тоңазытқыш – сөрелеріндегі (витриналар) торттар, піскен балық, піскен ет-тауық, жұмыртқа, котлет, бауырсақ-тоқаштары, көкөніс салаттары, тағы да басқа тағам өнімдері қанша күн тұрса да сол бағаға сатылады. Тоңазытқышта тағам бұзылмайды дегенмен, әр тамақтың сақтау ережесі мен мерзімі бар емес пе? Бұл жерде сатушы ол өнімдерді арзандату туралы ойына кіріп те шықпайтыны сөзсіз. Шыққан шығынының орнын толтырғысы келетіні түсінікті, әрине. Бірақ... Сатылмай қалған өнімнің, яғни өтпей қалған тағам түрлерін арзандатыңқырап неге сатпасқа?



Осы орайда Германияның базарларында болған көршім Ваня ағайдың әңгімесі еске түседі. Ол кісінің айтуынша, неміс елінің сауда орындарындағы тағам түрлерінің бағасы өзгеріп тұрады. Етке, құс етіне, майларға, кондитерлік тағамдардың түр-түріне, тіпті нанға дейін. Сөрелердегі тауар түрі де, бағасы да жиі өзгеріп тұрады. Ал базарларындағы көкөніс пен цитрусты жемістердің бағасы бір күннің ішінде үш рет өзгереді екен. Оларда «таңертеңгі баға», «түскі баға», «кешкі баға» деген ұғым бар. Таңертеңгі сатып алған мандариніңнің бағасы кешке барсаң, екі есе арзан сатылады. Бізде кәсіпкердің кәсібіне байланысты өндірген тамақ өнімдерін айтып өттік.

Алматылық жобада қоғамдық тамақтану орындары, басқаша айтқанда асханалар мен кафелер, лағманханалар сияқты көпшілік тамақтанатын орындарда тағамдардың, салаттардың, тіпті нанның өтпей қалған жағдайындағы туындап жатқан ысырапшылдық аталады. Жасыратыны жоқ, қалып қалған тамақ көпшілік тамақтанатын орындардың бәрінде бар мәселе. Тамаққа жұмсалатын азық-түліктің қаншамасы ысырап болып жататыны өтірік емес. Тамақтың сақталуы жөнінен санитарлық нормаларды кім және қанша тексеріп жатқанын құдай білсін.

Аталған ысырапшылдықты жою үшін не істеу керек деген сұраққа жауап іздеп, оның жолын тапқан IT мамандығына оқып жатқан қарағандылық студент Қараұл Шыңғыс өтпей қалған, бірақ жеуге жарамды тамақты жеке бір боксқа жинап, төмен бағамен сатуды ұсынады. Қазір ол «Сарқыт» қосымшасын ашып, оны ғаламторға қосты. Оған тамақтану орындарынан тіркелгендер саны күн санап өсуде. Жобаның бастапқы мақсаты ысырапшылдықты болдырмай және арзан тамақ орнын белгілеу болса, нәтиже қандай болатыны уақыт еншісінде. Тамақ қымбаттап жатқан уақытта жобаның бұл мақсаты көңілден шығады, нәтижелі болады деген үмітте жоба авторы. Ал бізде, әзірше, тамақтану орындарындағы қалған тамақтар ит пен шошқа асыраушы иелеріне жинап беріледі немесе қоқысқа кетеді.



ше? Көкөністі шірігенше бағаны ұстап тұрады да, шіріген өнімді қоқысқа тастайды... Әңгімемізді «сарқыт»сөзінен неге бастадық? Енді соған келейік.

АЛМАТЫДА «САРҚЫТ» ДЕГЕН ЖОБА ПАЙДА БОЛДЫ

«Жас Алаш» газетінің 8 қазандағы нөмірінің соңғы бетінде осы жоба туралы жазылған мақаланы қызыға оқып шықтым. Үйренетін көп пайдалы жақтары бар жоба екен. Біз жоғарыда жеке

Сондықтан дәмханалардан астанатын адамдардың (Тиктоктағы бейне көрініс) Нағима Есқалиева сияқты өзі тамақтанған столындағы дастарханнан желінбеген тамақты жинап алуы сөкет емес деп ойлаймын. Бұл сарқыт емес, ысырапшылдықты болдырмайтын үнемшілдік. Қарағандылық студенттің де жобасы үнемшілдікті мақсат етіп отыр.

Баян ТАҢАТАРОВА
«Алатау»

О НРАВСТВЕННОСТИ СУДЕБНОГО ЭКСПЕРТА

Введение

Судебный эксперт играет важную роль в осуществлении правосудия, поскольку результаты его исследований помогают установить обстоятельства дела. Поэтому от него требуются не только профессиональные знания, но и высокие нравственные качества. Нравственность эксперта — это совокупность моральных принципов, определяющих его отношение к работе, участникам судебного процесса и результатам собственной деятельности.

Основные нравственные качества судебного эксперта

К важнейшим качествам судебного эксперта относятся честность, объективность, независимость и ответственность.

Объективность предполагает проведение исследований без предвзятости и влияния личных интересов. Эксперт должен основывать свои выводы на фактах и результатах исследования, а не на мнении заинтересованных лиц.

Честность выражается в достоверном изложении полученных результатов и недопустимости их намеренного искажения. Если имеющихся материалов недостаточно для обоснованного вывода, специалист должен открыто указать на это.

Независимость означает способность принимать профессиональные решения без давления со стороны участников процесса. Эксперт обязан сохранять беспристрастность даже в сложных обстоятельствах.

Ответственность заключается в добросовестном выполнении обязанностей, соблюдении научных методик и понимании возможных последствий экспертного заключения. Также важным качеством является уважение к человеческому достоинству. Эксперт должен соблюдать профессиональную этику, корректно обращаться с людьми и не разглашать сведения, охраняемые законом.

Значение нравственности в работе эксперта

В своей деятельности эксперт может сталкиваться с попытками давления, конфликтом интересов и другими ситуациями, требующими твёрдой нравственной позиции. В таких случаях он должен руководствоваться законом, профессиональным долгом и результатами исследования. Нравственность тесно связана с профессионализмом. Даже высокий уровень знаний не гарантирует качественной работы, если специалист действует недобросовестно. Поэтому эксперт должен постоянно повышать квалификацию, критически оценивать результаты и признавать ограничения своих исследований. Добросовестная экспертная деятельность способствует установлению фактических обстоятельств дела и помогает суду принимать обоснованные решения. При этом эксперт не подменяет суд, а предоставляет заключение по вопросам, требующим специальных знаний.

Заключение

Нравственность судебного эксперта является необходимым условием качественного выполнения профессиональных обязанностей. Честность, объективность, независимость и ответственность позволяют специалисту сохранять доверие к результатам своих исследований. Таким образом, настоящий профессионализм заключается не только в наличии специальных знаний, но и в готовности следовать нравственным принципам. Именно сочетание компетентности и высокой морали способствует защите прав человека и укреплению доверия общества к правосудию.

Даутов Д.Е.
Судебно-медицинский эксперт ИСЭ по области Жетісу

Бейсенбі - Четверг, 29 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Ғашық жүрек» Бағым Мухитдинова
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Әзекті»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.20 «Вакцина от коррупции»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Девочки мои»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Падение ордена»
06.55 Сериал «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05«Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.10 «Көреміз шоу»
20.00, 01.25«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины возвращение»
02.05 «Подкидыш»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.35 «Әнім сен едің»
08.00 Вечерние новости
08.40 Сериал «Пламя жизни»
11.00,00.10 Сериал «Агенты справедливости»
13.30,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
16.15 Сериал «Пламя жизни»
18.15,02.10 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.40 Отандық телехикая «Упертый»
04.40 «Закира»
05.20 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Біздің бренд»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Шашу»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ ф «Су каз»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новостb
16.20 К/ф «Алдар көсе»
17.00 «Әу» де»
18.00 «19 регион»
18.35 22-блок
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Нағыз дипломатия»
20.00 Еркін қозғалыс
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Таза мекен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Бала болғым келеді»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.40 «Ризамын» ойын-сауық
06.50, 20.00 информбюро (рус., каз.)
07.50 «Қалаофф»
08.30 Мультсериал «Кунг Фу Панда»
08.50«Робо пес»
10.50 «Большой красный пес Клиффорд»
13.10 худ. фильм «Лара Крофт: Расхитительница грабниц»
15.40 худ. фильм «Неудержимые-2»
18.00 худ. фильм «Между небом и землей»
21.00 худ. фильм «Неудержимые-3»
23.40 «Исчезнувшая»
02.30 «Семья»
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.00 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Күліп ал» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40, 16.00, 18.30, 01.10 Телехикая
08.00 Новости утро
10.50 Союзмультфильм
13.00Жаңалықтар. тікелей эфир
13.15 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
15.40 «Ну погоди»
18.00 Қорытынды жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Итоговые новости прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.10 «Әзілің жарасса»
02.20 «Тек қана қыздар»
03.20 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20Тазалық уақыты

Жұма - Пятница, 30 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00, 13.30 т/х «Рауза»
06.00 Концерт. Ақбота Керімбекова
08.00 «Оян!»
10.00 т\х «Алданған тағдыр»
12.00 «ОйнаIQ»
13.00 «Народный контроль»
14.15, 19.00 т/х «Ақ жеңге»
15.15, 20.00 т/х «Келінжан»
16.20 Кино «Тойхана»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «КешREC»
00.10 сериал «Ловушка»
01.10 телесериал «Чужие родные»

ЕВРАЗИЯ

06.00 сериал «Падение ордена»
06.50 сериал «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.05 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00, 02,55 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Құрылтай онлайн»
20.55 «Поле чудес»
22.30 сериал «Я иду тебя искать-6»
02.30 Басты жаңалықтар
02.55 «Koremiz-шоу»
03.40 Қаймақ
03.35 П@УТINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.00 Вечерние новости
08.40, 03.10 сериал «Пламя жизни»
11.00 сериал «Агенты справедливости»
13.30 «Битва экстрасенсов. Реванш»
16.15 сериал «Пламя жизни»
18.15 сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 сериал «Родная кровь»
01.55 сериал «Топтун»
03.25 отандық т/х «Упертый»
04.25 отандық т/х «Закира»
05.30 КТК қоржыны
06.05 Кешкі жаңалықтар
05.25 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Таза мекен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Маленькие большие люди»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Құтқару операциясы»
17.00 «Тарлан»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 М/ф «Түркістан»
18.35 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Жахан жолы»
20.00 «Сергек»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Сергек»
21.10 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Шашу»
22.45 Айгүл Қосанованың концерті.

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.40 «Ризамын»
06.50, 20.00 Информбюро
07.50 « ҚалаOFF»
08.30, 05.20 «Кун-Фу Панда»
08.50 т/х «большой красный пес Клиффорд»
11.10 х/ф «Гарольд и волшебный мелок
13.20 х/ф «Между небом и землей»
15.40 х\ф «Защитник»
17.50 кино «мой парень из зоопарка»
21.00 х/ф «Охотники на ведьм»
23.0 х/ф «Неудержимые-3»
01.40 х/ф «жертва во имя любви»
02.00 «31 әзіл»
04.10 «Time Vine»
04.20 «TikTok show»
04.30 «What's up?»
04.50 «1001 әзіл»
05.00 «Bala BATTLE»
05.40 «Күліп All»

7 КАНАЛ

04.40 т/х «Бастық боламын»
05.30 т/х «Ата-ана. Балашаға»
06.10 т/х «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10, 09.40, 16.00, 18.30, , 01.10 т/с
08.00 Новости «Утро»
10.50 Союзмультфильм
12.00 «Әзілің жарасса»
13.00 Жаңалықтар/Новости тікелей эфир
13.30 т/х Тәуіп Хо Жун»
15.40 м/ф «Ну, погоди!»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
19.30 Новости прямой эфир
20. 00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 т/х «Иффет»
00.10 «Әзілің жарасса»
02.20 т/х «Тек қана қыздар»
03.20 Әйгерім Сефолланың сырласуы
04.00 Тазалық уақыты

Сенбі - Суббота, 31 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00, 12.30 «Cover show»
07.00 Концерт. «Мұзарт – 25 жыл»
09.00 «Азамат»
10.00, 21.00 т/х «Алданған тағдыр»
11.00 Мультфильм
13.00, 23.00 х/ф «Робокоп»
15.00 «Жекпе-жек айтыс»
16.30 т/х «Ақ жеңге»
19.00 Түсаукесер «Топ-Тартыс»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
01.00 т/с «Чужие родные»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.50 Главные новости
08.45 Құрылтай онлайн»
09.10 т/х «Ауыл мұғалімі»
11.25 «Поле чудес»
13.05 сериал «танго для одной
17.35 «Точь-в-точь»
20.00 «Basty Prime»
20.50 сериал «Счастье на рыбьем меху»
01.25 х/ф «гагарин. Первый в космосе»
03.15 «Qaimaq»
04.15 П@УТINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.50 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әнім сен едің»
07.50, 01.15 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.05,03.30 д/ф «Курултай»
10.50,03.30 Концерт. Құдайберген Бекіш
12.00 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 Битва экстрасенсов. Реванш
16.55 сериал «Родная кровь»
21.00 сериал «Сердце следователя»
05.40 «КТК қоржыны
06.10 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
10.55 М/ф «Оқсыз оқиға»
11.20 «Сергек»
12.00 «Тілашар»
13.00 К/ф «Әкемнің армандары»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Менің елім»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.35 Д/ф «Дінге қызыққан балаға дұрыс тәрбие бер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Счастливое детство»
18.40 «Әсем әуен»
19.00 К/ф «Тәртіп сақшылары»1 серия.
19.45 «Әсем әуен»
20.00 М/ф «Қажымұқан»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 Концерт.Ә.Айниязов

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 т/х «ҚалауOFF»
12.00 т/х «Ойнама»
11.20 т/х «Қорған» «TikTok show»
12.50 « AI, Бәрекелді»
15.00 «Папа-мама Гусь»
17.10Мультфильм
19.00 Кино «Круэлла»
22.00 х/ф «Поезд в пусан»
00.40 х/ф «Охотники»
02.00 х/ф «Любовь не сломить»
04.30 «Whats up?»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.40 «Ризамын»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.40 т/х «Бастық боламын»
05.50 т/х «Влюбленное сердце»
06.10, 20.00 сериал «Тақиясыз періште»
09.00, 18.00, 02.40 Телесериал
13.20 «Шаншар»
15.50 к/ф «Бриллиантовая рука»
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 Сериал «Далекий город»
22.50 т/х «Иффет»
00.10 «Әзілің жарасса»
03.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы

Жексенбі - Воскресенье, 1 қараша

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cover show»
06.00, 19.30 Концерт. Клара Төлепберген
07.30 Концерт. Жігіттер квартеті
09.30 Арнайы репортаж
10.00, 21.00 т/х «Алданған тағдыр»\
11.00 м/с «Белка и Стрелка. Тайна космоса»
12.00 «Өмір өрнегі»
13.00 Кино «Тойхана»
14.40, 23.00 х/ф «Робокоп-2»
16.30 т/х «Ақ жеңге
19.00 «Қара бала» Нұржан Керменбаев
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
00.30 т/с «Чужие родные»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.150 «Qaimaq»
07.45 «BASTY PRIME»
08.45 Т/х «Ауыл мұғалімі»
10.50 «Пусть говорят»
12.25 сериал «Счастье на рыбьем меху»
17.20 х/ф «Земля Эльзы»
20.00 «Аналитика»
20.50 сериал «Прививка от лжи»
01.25 «Что? Где? Когда?»
02.25 «Qaimaq»
03.30 П@УТINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 02.30 «Мұхтар Ханзада» ш/к
07.50, 00.30 «Было дело» д/д
10.05 «Реформа»
10.35, 05.00 «Шымкент шоу»
12.00 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00, 22.00 Битва экстрасенсов: Реванш»
16.55 сериал «Сердце следователя»
21.00 Портрет недели
02.50 Концерт. Қуандық Рахым
06.10 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
17.30 «Әсем әуен»
09.00 «Апта»
10.00 «Апта»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 К/ф «Тәртіп сақшылары»2 серия.
13.40 Д/ф «Діни заңнамамен жетілдіру»
13.45 Ақбота Сабыржанованың «Шырқа, інкәр жүрегім» концерт
15.00 «Шашу»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Тарлан»
20.30 «Бір кітап»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 Бақберген Асқарбековтің концерті
23.25 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00, 02.30 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
08.50 М\с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим» с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.2, 05.20 «Күліп All»
10.40 т/х «Қала OFF»
11.20 т/х «Қорған»
12.00 х/ф «Ледниковый период»
14.00 кино «Куруэлла»
17.10 кино «Росомаха: Бессмертный»
20.00 «AI! Бәрекелді шоу»
22.10 х/ф «Новый Человек-Паук»
01.10 х/ф «Слепой закон»
04.10 «Time Vine»
04.20 «TikTok show»
04.30 «What's up?»
04.50 «1001 әзіл»
05.00 «BALA BATTLE»
05.40 «Ризамын»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.40 т/х «Бастық боламын»
06.10, 20.00 т/х «Тақиясыз періште»
07.00 «Аман бол» бағдарлама
08.00 Союзмультфильм
09.00,17.20, 02.20 Т/с
12.50 т/х «Бриллиантовая рука»
15.20 т/х «Күшік құда. Квартиранты»
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
22.50 х/ф «Иффет»
01.20 «Шаншар»
03.30 Тазалық уақыты

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 41 (1304) 23.10.2026 Алатау

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

АЛКОГОЛЬ – ҚОҒАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫНА ҚАУІП

Алкоголь – халық денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретін факторлардың бірі. Оның тұрақты тұтынылуы ми, жүрек, бауыр және жүйке жүйесінің жұмысына кері әсер етіп, созылмалы аурулардың даму қаупін арттырады, еңбекке қабілеттілікті төмендетеді және өмір сапасын нашарлатады.



Әсіресе жастар арасында алкоголь тұтынудың көбеюі алаңдатады. Жас кезеңде адамның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымдары қалыптасатындықтан, зиянды әдеттердің салдары туралы дер кезінде ақпарат беру және салауатты өмір салтын қалыптастыру аса маңызды.

Медициналық зардаптармен қатар, алкогольді шамадан тыс қолдану отбасылық жанжалдарға, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, жол-көлік оқиғаларына, құқық бұзушылықтарға және әлеуметтік оқшаулануға әкелуі мүмкін. Сондықтан алдын алу жұмыстары бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы болып табылады.

Бұл бағытта «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігі Талдықорған қаласы «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын, дәрістерді, тақырыптық кездесулер мен акцияларды өткізіп, салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізуде.

Іс-шаралар барысында жастарға, ата-аналар мен педагогтарға алкогольдің зияны, оның адам денсаулығы мен қоғамға тигізетін әсері туралы нақты әрі сенімді ақпарат беріледі, сондай-ақ денсаулықты сақтаудың тиімді жолдары түсіндіріледі.

Салауатты өмір салты – әр адамның саналы таңдауы. Зиянды әдеттерден бас тарту, дене белсенділігі, отбасы құндылықтарын нығайту және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау адамның әл-ауқатын арттырып, қауіпсіз әрі тұрақты болашақ қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Алдын алу – ақпараттанудан басталады. Өзіңіз үшін, отбасыңыз үшін және болашақ ұрпақ үшін денсаулықты таңдаңыз.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМҒА БАСТАР МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық — отбасы қауіпсіздігіне, адамның денсаулығы мен әл-ауқатына үлкен зиян келтіретін күрделі әлеуметтік мәселе. Ол физикалық, психологиялық, экономикалық және жыныстық түрде көрініс табуы мүмкін және ересектерге де, балаларға да ауыр зардап әкеледі.



Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қауіптілігі оның көбінесе отбасылық жабық ортада орын алып, ұзақ уақыт бойы жасырын қалуында. Жәбірленушілер жиі қорқыныш, кінә сезімі немесе агрессорға тәуелділік салдарынан көмек сұрауға батпайды. Бұл жағдай тек зардап шеккен адамға ғана емес, зорлық-зомбылықтың куәсі болатын балалардың да психологиялық дамуына кері әсер етеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себептері әртүрлі болуы мүмкін: алкогольді шамадан тыс тұтыну, құқықтық мәдениеттің төмендігі, жанжалды дұрыс шешу дағдыларының болмауы, экономикалық қиындықтар және психологиялық мәселелер. Алайда бұл себептердің ешқайсысы зорлық-зомбылықты ақтай алмайды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу — халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, отбасылық құндылықтарды нығайтуға және зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кешенді шаралар жиынтығы. Сонымен қатар азаматтарды көмек алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру маңызды рөл атқарады.

Осы бағытта «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігі Талдықорған қаласы «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, отбасы институтын нығайтуға және қауіпсіз әлеуметтік орта қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Іс-шаралар барысында дәрістер, тренингтер, тақырыптық кездесулер және кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылып, жастарға, ата-аналарға және қоғам өкілдеріне зорлық-зомбылықтың себептері мен салдары түсіндіріледі. Сонымен қатар мұндай жағдайларда әрекет ету тәртібі мен көмек алу жолдары туралы ақпарат беріледі.

Отбасында өзара құрмет пен тең қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, жанжалды бейбіт жолмен шешу дағдыларын дамыту және қолдау қызметтері туралы хабардарлықты арттыру — маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу — тек мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Бірлескен әрекет арқылы ғана әрбір отбасы құрметке, сенімге және өзара қолдауға негізделген қауіпсіз ортаға айнала алады.

Қауіпсіз отбасы — мықты қоғамның негізі. Зорлық-зомбылықтың алдын алу адамға құрмет көрсетуден және жауапкершіліктен басталады.

АИТВ/ЖИТС-ТІҢ АЛДЫН АЛУ

ӘР АДАМНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ – ҚОҒАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ

АИТВ/ЖИТС — әлем бойынша өзекті қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерінің бірі болып қала береді. Медицина саласындағы елеулі жетістіктер мен ақпараттың қолжетімділігіне қарамастан, инфекцияның таралуын тежеудің ең маңызды факторы — халықтың ақпараттануы мен өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы негізіндегі алдын алу шаралары.

А И Т В (адамның иммун тапшылығы вирусы) ағзаның иммундық жүйесін зақымдап, оның инфекциялар мен ауруларға қарсы тұру қабілетін біртіндеп төмендетеді. Уақытылы ем қабылданбаған жағдайда ауру ЖИТС (жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы) сатысына өтіп, адамның өміріне елеулі қауіп төндіреді.

АИТВ жұғу жолдары нақты анықталған: қорғалмаған жыныстық қатынас, залалсыздандырылмаған медициналық құралдар мен инелерді қолдану, сондай-ақ анадан балаға жүктілік, босану немесе емізу кезінде медициналық көмек болмаған жағдайда берілуі мүмкін. Вирус тұрмыстық байланыс, қол алысу, құшақтау немесе ортақ заттарды пайдалану арқылы жұқпайтынын ерекше атап өткен жөн.

АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу — тәуекелді азайтуға және жауапты мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған кешенді шаралар жиынтығы. Негізгі рөл халықты инфекцияның жұғу жолдары мен қорғану тәсілдері туралы ақпараттандыруға беріледі. Жеке қорғану құралдарын қолдану, тұрақты медициналық тексеруден өту, қауіпті мінез-құлықтан бас тарту және салауатты өмір салтын ұстану — алдын алудың негізгі қағидалары болып табылады.

Жастармен жұмыс істеудің маңызы ерекше. Өйткені дәл осы кезеңде адамның болашақ өміріне әсер ететін мінез-құлық қалыптасады. Сондықтан дер кезінде дұрыс ақпарат беру, жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру және өз денсаулығына және айналадағы адамдардың денсаулығына құрметпен қарауды үйрету маңызды.

Осы бағытта «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігі Талдықорған қаласы «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысын іске асыру аясында АИТВ/ЖИТС-тің алдын алуға, халықтың ақпараттану деңгейін арттыруға және қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Іс-шаралар аясында дәрістер, тренингтер, тақырыптық кездесулер және профилактикалық акциялар ұйымдастырылып, мамандардың қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Қатысушыларға АИТВ жұғу жолдары, қорғану тәсілдері, сондай-ақ уақытылы тексерілу мен медициналық көмекке жүгінудің маңызы туралы нақты ақпарат беріледі.

АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу — тек медициналық емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселе. Мемлекет, қоғамдық ұйымдар және азаматтардың бірлескен әрекеті ғана инфекцияның таралу деңгейін төмендетіп, қоғам үшін қауіпсіз болашақ қалыптастыра алады.

Ақпараттану, жауапкершілік және денсаулыққа қамқорлық — АИТВ/ЖИТС-тің алдын алудың негізгі құралдары. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ИНСТИТУТЫНДА МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестер азаматтар мен заңды тұлғаларға жоғары білікті заң көмегіне деген қоғамның өсіп келе жатқан қажеттілігін анықтайды. Осыған байланысты арнайы білімді пайдаланудың ең білікті нысаны болып табылатын сот сараптамасына ерекше рөл беріледі. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, ең алдымен, дәлелдемелерді қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Сот сараптамаларын жүргізу нәтижесінде алынған дәлелдемелік ақпарат істерді шешу кезінде тез және негізді шешім шығаруға мүмкіндік береді, мүліктік және мұрагерлік даулар туындаған кезде арнайы ғылыми білімдер негізінде нақты деректерді анықтау, тауарлардың құнын анықтау, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті бағалау, автокөлік құралын қалпына келтіру құнын анықтау арқылы дәлелдемелік ақпарат алудың нақты мүмкіндігі бар. жол-көлік оқиғасы, мүлікті бөлу кезінде оның құнын бағалау және т. б.

Жазбаша өтініштер бойынша заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді алуға жәрдемдесу мақсатында "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жетісу облысы бойынша сот сараптамалары институтында" ғылыми құралдар мен әдістерді пайдалана отырып, мамандандырылған зерттеулер жүргізіледі.

Сот сараптамасы саласындағы қызметтерді алу үшін заңды және жеке тұлғалар қажетті зерттеулер жүргізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінеді, сараптамалық зерттеулер жүргізу және қорытынды беру үшін қажетті объектілер мен өзге де материалдарды ұсынады, осы қызметтерді ұсыну тәртібімен, құнымен, алу және төлеу шарттарымен, кейіннен және міндетті шарт жасасумен танысады.

Шартта көрсетілетін қызметтердің атауы мен көлемі, оларды алу шарттары мен мерзімдері, есеп айырысу тәртібі, Тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, сондай-ақ "Сот сараптамалары орталығы" РМҚК ақылы қызметтер бағасының Прейскурантына сәйкес ақылы қызметтердің құны айқындалады. Көрсетілген мамандандырылған қызметтер үшін төлем қолма-қол ақшасыз есеп айырысумен 100% алдын ала төлем нысанында жүргізіледі.

Мамандандырылған зерттеулерді тағайындау және жүргізу бойынша ақпарат алу үшін Талдықорған қаласы, Өтенай кенті, Жасұлан көшесі, 2 "б", теле/факс: 8 (7282) 41-04-21, e-mail: taldykorgan@cse.kz.

Г. Амерсанова,
Жетісу облысы бойынша сот сараптамасы Институтының бас сарапшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

03.12.2026 жылы, сағат 11-00-де, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Сырымбет ауылы, Ескельді би көшесі 104 мекен жайында «Жетісу облысының Ескелді ауданында орналасқан "Верхне-Экпендинское" кен орнында мәрмәрленген әктастарды өндіру карьері» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «FREE LINE GROUP» ЖШС, БСН 070640004076, мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, Александр Пушкин көшесі, 22 ғимарат. Тел.87776676762, bagi_zhann@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

03.12.2026г. в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Эскельдинский район, село Сырымбет, улица Ескельді би 104 будут проводится общественные слушания по проекту «Карьер по добыче мраморизованных известняков на месторождении «Верхне-Экпендинское», расположенном в Эскельдинском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «FREE LINE GROUP», БИН 070640004076, адрес: Жамбылская область, г.Тараз, район Әулиеата, ул.Александра Пушкина, здание 22, тел.87776676762, bagi_zhann@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

03.12.2026 жылы, сағат 11-30-де, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Сырымбет ауылы, Ескельді би көшесі 104 мекен жайында «Жетісу облысының Ескелді ауданында орналасқан "Тельмановское" кен орнында мәрмәрленген әктастарды өндіру карьері» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «FREE LINE GROUP» ЖШС, БСН 070640004076, мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, Александр Пушкин көшесі, 22 ғимарат. Тел.87776676762, bagi_zhann@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

03.12.2026г. в 11:30 часов, по адресу: область Жетісу, Эскельдинский район, село Сырымбет, улица Ескельді би 104 будут проводится общественные слушания по проекту «Карьер по добыче мраморизованных известняков на месторождении «Тельмановское», расположенном в Эскельдинском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «FREE LINE GROUP», БИН 070640004076, адрес: Жамбылская область, г.Тараз, район Әулиеата, ул.Александра Пушкина, здание 22, тел.87776676762, bagi_zhann@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

10.12.2026 жылы, сағат 11-00-де, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Сүлеев көшесі 78 мекен жайында «Жетісу облысы Талдықорған қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысты жерлерінде орналасқан "Еркін-3" кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру карьері» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Камила-Капитал» ЖШС, БСН 070540010156, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Восточный ш/а, Степанов Борис Валерьевич көшесі, 28 үй, 1 пәтер. Тел.87775913927, camilla.capital.too@gmail.com.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

10.12.2026г. в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, г.Талдыкорган, ул.Сулеева 78 будут проводится общественные слушания по проекту «Карьер по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Еркин-3», расположенного на землях административно-территориального подчинения г.Талдыкорган области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Камила-Капитал», БИН 070540010156, адрес: область Жетісу, г.Талдыкорган, мкр. Восточный, ул.Степанова Бориса Валерьевича, дом 28, кв. 1, тел.87775913927, camilla.capital.too@gmail.com.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

08.12.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, 96-Құрылыс мекенжайы бойынша, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағында орналасқан "АгрокомплексЖетысуМажико" ЖШС өсімдік майы өндірісінің өндірістік базасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «АгрокомплексЖетысуМажико» ЖШС, БСН 040140011124, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, 96-Құрылыс. Тел.87051544242, zhetysu.majiko@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

08.12.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, г.Талдыкорган, Промышленная зона Восточная, строение 96, будут проводиться общественные слушания по Производственной базе производству растительного масла ТОО «АгрокомплексЖетысуМажико» расположенного в Восточной промышленной зоне г.Талдыкорган области Жетісу.

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АгрокомплексЖетысуМажико», БИН 040140011124, адрес: область Жетісу, г.Талдыкорган, Промышленная зона Восточная, строение 96. тел.87051544242, zhetysu.majiko@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

05.11.2026ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz. сайтында Жетісу облысы Талдықорған қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерінде орналасқан "Еркін-3" кен орнының құм-қиыршық тас қоспасының карьерін жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Камила-Капитал» ЖШС, БСН 070540010156, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Восточный ш/а, Степанов Борис Валерьевич көшесі, 28 үй, 1 пәтер. Тел.87775913927, camilla.capital.too@gmail.com.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 05.11.2026г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации карьера песчано-гравийной смеси месторождения «Еркин-3», расположенного на землях административно-территориального подчинения г.Талдыкорган области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Камила-Капитал», БИН 070540010156, адрес: область Жетісу, г.Талдыкорган, мкр.Восточный, ул.Степанова Бориса Валерьевича, дом 28, кв. 1, тел.87775913927, camilla.capital.too@gmail.com.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

09.12.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Алмалы ауылы, Сембаев К. көшесі, 30 мекенжайы бойынша «Жетісу облысының Панфилов ауданында орналасқан "Алмалы Солтүстік" кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «JARKENT SATTI SAPAR» ЖШС, БСН 240940036973, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 132. Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

09.12.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, с.Алмалы, ул.К.Сембаев, 30 будут проводиться общественные слушания по рабочему проекту «Рекультивация земель нарушенных при добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Алмалы Северный», расположенном в Панфиловском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «JARKENT SATTI SAPAR», БИН 240940036973, адрес: область Жетісу, г.Жаркент, ул.Ч.Валиханова, 132. тел.87013495537, rotova_galina@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

14.12.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Жетісу ауылы, Досқожанов көшесі 26 мекенжайы бойынша, Жетісу облысы Ескелді ауданында орналасқан "Ақ-Тас" ЖШС өндірістік базасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Ак-Тас» ЖШС, БСН 940540001407, мекенжайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Жетісу ауылы, Исаев Байбатыр көшесі, 11. Тел.87007877282, ak-tas51@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

14.12.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Эскельдинский район, с.Жетысу, ул.Доскожанова 26 будут проводиться общественные слушания по Производственной базе ТОО «Ак-Тас» расположенного в Эскельдинском районе области Жетісу.

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ак-Тас», БИН 940540001407, адрес: область Жетісу, Эскельдинский район, с.Жетысу, ул.Исаев Байбатыр 11. тел.87007877282, ak-tas51@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 41 (1304) 23.10.2026 Алатау

ІІМ ӨКІЛІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«ҚАЗАҚСТАНДА КИБЕРҚЫЛМЫСТЫ ЖЕҢУ МҮМКІН ЕМЕС»

Ішкі істер министрлігінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте елімізде киберқылмысты жеңу мүмкін емес екенін мәлімдеді, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.

Ішкі істер министрлігінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай қазіргі уақытта Қазақстанда немесе басқа елдерде киберқылмыспен күресу мүмкін емес екенін мәлімдеді.

Оның айтуынша, бұған үш фактор әсер етеді.

«Біріншіден, бұл – қылмыстың трансұлттық сипаты, яғни, қылмыскерлердің шетелде болуы. Қылмыскерлер шекарамен шектелмегенімен, құқық қорғау органдарының шекаралары бар. Халықаралық заңнама бар, сұрау жіберу кезінде уақыт жоғалтады. Ал қылмыскерлердің шекарасы жоқ. Бұл фактор да қылмыстың жойылмауына әсер етеді», - деді Жандос Сүйінбай.

Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының айтуынша, екінші фактор - технологиялық даму жылдамдығы. «Интернет қазіргі уақытта жылдам дамуда, сондықтан қылмыскерлер де технологиялық жетістіктерді пайдаланып жатыр. Жасанды интеллект пен дипфейктерді қылмыскерлер белсенді түрде қолданады. Заңнама өзгергенше, қылмыскерлер... (бұл технологияларды – редактордың ескертпесі) пайдалана алады», - деді ол.

Жандос Сүйінбайдың айтуынша, киберқылмыстың белең алып отыруына айтарлықтай ықпал ететін адами факторды да жоққа шығаруға болмайды. «Қылмыскерлер ең алдымен адам психологиясын нысанаға алады. Ал егер адам SMS кодын немесе құпия сөзді өзі жіберсе, оларды тоқтату қиын болады», - деді ол.

Ішкі істер министрлігі өкілінің айтуынша, бұл факторлар киберқылмысты тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде тоқтатуға кедергі келтіруде.

ЛАУАЗЫМ

КҮРДЕЛІ ДЕ КӨП САЛАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Сот отырысының хатшысының қат-қабат жұмысы жайлы, оның сот отырысының уақтылы әрі талапқа сай өтуіне қосар үлесінің мол екенін турасында көпшілік біле бермейді. Бірден қарағанда, сот хатшысының жұмысы мардымсыз болып көрінеді. Кейбіреулер бұл жұмыс тек сот залында болуды ғана қамтиды деп ойлайды. Алайда, бұл олай емес, егер мұқият назар аударатын болсақ, сот хатшысы судьямен бірлесіп жұмыс жасау және сот ісін жүргізуді ұйымдастыру процесінде маңызды орын алады. Бейнелеп айтатын болсақ, сот отырысының хатшысы судья қызметінің тиімділігіне тікелей әсер ететін судьяның бас көмекшісі болып табылады. Оның негізгі функционалдық міндеттері процеске қатысушыларды сот отырысына уақтылы шақыру, сот процесінің сапалы аудио-бейне жазбасын, құжаттарды ұқыпты, сауатты ресімдеу, сот актілерін тараптарға уақтылы жіберу және сот актілерін заңда белгіленген мерзімдер шеңберінде орындау болып табылады.

Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да. Сот процесінде хатшы жүріп жатқан істің барысын, сот процесіне қатысушылардың айтқан сөздерін хаттамаға түсіріп қана отыратын сияқты. Алайда, сот процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, іс бойынша өзіндік айғақ саналатын сот құжаттарының, сот отырысы хаттамасының дұрыс, нақты, сауатты толтырылуы осы хатшыға байланысты. Хатшы, сонымен қатар, тараптардың сот отырысына келуін қамтамасыз етіп, азаматтық және қылмыстық істерді ресімдеп, сот актілері мен басқа да құжаттарды іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес сатыларға жолдайды. Соттың жұмысы мен беделі көп ретте сот отырысы хатшысының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуіне, жауапкершілігіне, біліктілігі мен ұқыптылығына байланысты.

Сонымен қатар сот отырысының хатшылары судьялар қараған қылмыстық іске де, азаматтық іске де тікелей қатаса жүріп, азаматтық кодекс, азаматтық процесстік кодекс, қылмыстық, қылмыстық процесстік кодекс және тағы басқа салаларға қатысты заңдарды неғұрлым терең игеруге зор мүмкіндік алып, өздерінің кәсіби және зияткерлік деңгейін жетілдіреді. Сот процестеріне қатысып, білікті заңгерлердің жұмыс тәсіліне қанығып, іс материалдарымен танысып жүрген маман қаралған даулар бойынша өзіндік талдау жасап, өзінше ой түйеді. Талапкер мен жауапкердің тарапынан екі бөлек мүддені қорғаған тәжірибелі заңгерлердің дауды өз пайдасына шешу үшін жасайтын түрлі айла-шарғыларына куә болудың өзі бір қызық.

Осылайша, сот отырысының хатшысы болып бірнеше жыл қызмет істегендер мол тәжірибе жинақтап, көбіне кейіннен судьялық мансапқа ауысып жататыны да сондықтан.

Бұлбұл АСЫЛБЕКОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

МВД ЗАЯВЛЯЕТ

НАЧАЛА РАБОТАТЬ СИСТЕМА КОНТРОЛЯ СРЕДНЕЙ СКОРОСТИ

С 21 октября 2026 года на участке автодороги Конаев — Баканас начала работать система контроля средней скорости. Об этом заявили в Министерстве внутренних дел (МВД) РК, сообщает Zakon.kz.



Как уточнила заместитель начальника управления Комитета административной полиции МВД РК Актоты Боранова, с 00:00 среды на участке автодороги Конаев — Баканас начнет работать система контроля средней скорости.

«Протяженность контролируемого участка — 38 километров 965 метров. Важная особенность этого участка — переменный скоростной режим. Это значит, что разрешенная скорость на разных отрезках дороги разная. Поэтому будьте особенно внимательны к дорожным знакам и соблюдайте скоростные ограничения на каждом отрезке пути», - предупредила она водителей.

Спикер напомнила, как работает система. «Камеры фиксируют время, когда автомобиль проезжает контрольные арки в начале и конце участка. По расстоянию и времени в пути система рассчитывает среднюю скорость. Поэтому сбросить скорость только перед камерой не получится: если вы превысили допустимую скорость на участке, нарушение будет зафиксировано»,- объяснила Актоты Боранова.

Она подчеркнула, что цель МВД — не наказать. «Мы хотим, чтобы водители держали безопасную скорость на всем пути, а не только перед камерой. Превышение скорости остается одной из главных причин тяжелых аварий на трассах», - отметила Актоты Боранова.

ПРОИСШЕСТВИЯ

«Я ВАШ СОСЕД»: МОШЕННИКИ ПРИДУМАЛИ НОВУЮ ЛЕГЕНДУ

Злоумышленники продолжают проявлять изобретательность, придумывая новые схемы обмана. Теперь они рассылают потенциальным жертвам сообщения якобы от имени соседей, сообщает Zakon.kz.

Известно, что отправитель обращается к человеку по его реальному имени, называет номер квартиры и предупреждает о «подозрительном мужчине возле двери», который что-то снимает на камеру. «Сосед» утверждает, что пытался постучать и предупредить жильца лично, но дома никого не оказалось, поэтому он и решил связаться в мессенджере.

Уже далее приходит еще одно сообщение, в котором есть ссылка на якобы видео с мужчиной, которого заметили возле квартиры, и спрашивают: «Вы его знаете?».

При нажатии открывается страница, где предлагают подтвердить вход на сайт для просмотра записи с камеры. Независимо от выбранного варианта ответа появляется уведомление о якобы выполненной авторизации на портале государственных услуг. Адресата предупреждают: если вход совершал не он, необходимо самостоятельно обратиться на «горячую линию» по



указанному номеру телефона.

Таким образом злоумышленники подталкивают потенциальную жертву к тому, чтобы она сама им позвонила.

«Такой сценарий дополнительно позволяет обойти часть механизмов защиты от нежелательных входящих вызовов, поскольку соединение инициирует сам абонент. Если же он не связывается с мошенниками самостоятельно, злоумышленники могут позвонить ему сами и продолжить вовлечение в схему, убеждая совершить различные действия — например, перевести деньги на так называемый безопасный счет», — объясняют специалисты «Лаборатории Касперского».

Казахстанцев в очередной раз настоятельно просят с осторожностью относиться к неожиданным сообщениям от незнакомых контактов, не открывать подозрительные вложения и переходить по ссылкам из таких сообщений.

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ

Қ.К.ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КАСАБЛАНКАДА ӨТІП ЖАТҚАН СЕМСЕРЛЕСУДЕН ӘЛЕМ КУБОГЫ КЕЗЕҢІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНҒАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АҚОРДА.



Президенттің баспасөз хатшысы Айбек Смадиярдың атап өтуінше, осы жеңістің нәтижесінде спортшыларымыз Халықаралық семсерлесу федерациясының (FIE) рейтингінде алғаш рет бірінші орынға шықты.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшылар әлемнің ең айтулы додаларында Қазақстанның көк туын желбірете беруіне тілектес екенін білдірді.

Айта кетейік, Марокконың Касабланка қаласында өтіп жатқан семсерлесуден әлем кубогы кезеңінде қазақстандық шпагашылар Ресей құрамасын 45:40 есебімен жеңді. Қазақстан құрамасы ширек финалда Мысырдан басым түссе, жартылай финалда Францияны жеңді. Сонымен қатар жарыс барысында Түркия мен Гонконг құрамаларын да тізе бүктірді.

Ұлттық құрама сапында Александр Федотов, Кирилл Павлов, Кирилл Проходов және Вадим Шарлаимов өнер көрсетті.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

ТЕКЕЛІДЕ ӨТКЕН ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

2026 жылғы 19–20 қазан күндері Текелі қаласында Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубының қызметкерлері арасында қазақ күресінен облыстық турнир ұйымдастырылды.





Ұлттық спортты дәріптеп, қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат еткен жарысқа облыстың 8 ауданы мен 2 қаласынан барлығы 32 палуан қатысты. Қатысушылар 74 келі, 90 келі және 90 келіден жоғары салмақ дәрежелері бойынша белдесіп, өздерінің шеберлігі мен күш-қайратын сынға салды.

Жарыс барысында палуандар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, әр белдесу тартысты өтті. Нәтижесінде әр салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

74 келі салмақ дәрежесінде Маралбек Досхан топ жарса, Гімің Қуанбек екінші, Өмірханұлы Айдын үшінші орынға ие болды. Ал 90 келі салмақта Нұрғазы Азатбек жеңіс тұғырынан көрініп, Жанпейісов Дидар күміс, Жұмаханов Қанат қола жүлдені иеленді.

90 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Асқарбекұлы Жандос үздік нәтиже көрсетіп, бірінші орынды жеңіп алды. Ғұламов





Шахмұрат екінші, Әкім Дәулет үшінші орынға тұрақтады.

Жалпы командалық есепте Қаратал ауданының палуандары жоғары нәтиже көрсетіп, бірінші орынды иеленді. Кербұлақ ауданының командасы екінші орынға жайғасса, Панфилов және Көксу аудандарының командалары үшінші орынды бөлісті.

Алуа БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Жетісу облысының
дене шынықтыру және
спорт басқармасының
баспасөз хатшысы

ЖАЙДАРМАН

ОҚУШЫЛАРЫМЫЗ ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары таяуда бірнеше дүбірлі додаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.







Мәселен, қазан айының 07-21 аралығында Орал қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірім ұлдар мен 2012 ж.т. қыздар одан кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында біздің екі оқушымыз жүлде тұғырына көтерілді. Атап айтқанда, Людмила Ступокова өз салмақ дәрежесінде алдына жан салмай, алтыннан алқа тағынса, Руслан Шаталов қола жүлдегер атанып, жеңіс тұғырының үшінші сатысына жайғасты.

Қазан айының 14-нен бастап бес күн бойы Текелі қаласында 2010-2011 ж. т. жасөспірімдер арасында волейболдан Жетісу облысының чемпионаты өтті. Тартысқа толы өткен бұл бірішілікте біздің шәкірттеріміздің құралған команда 3 орынға ие болды. Сөйтіп, оқушыларымыз осы жарыстардан олжалы оралды.

Жайық ТОХАҒҰЛОВ,
«Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің әдіскері

ҚҰРМЕТ

КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР ФЕДОРОВТЫ ҚҮТІП АЛУ РӘСІМІ



Алматы қаласының әуежайында Жапонияның Аичи–Нагоя қалаларында өткен XX жазғы Азия ойындарының күміс жүлдегері, жетісулық велошабандоз Евгений Федоровты салтанатты түрде күтіп алу рәсімі болды.

Спортшымыз тас жолдағы велоспорттан ерлер арасындағы топтық жарыста мәреге екінші болып жетіп, ел қоржынына күміс медаль салды. Ол 160,5 шақырымдық қашықтықты жоғары деңгейде еңсеріп, өзінің шеберлігі мен табандылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Айта кетейік, Евгений Федоров Ханчжоуда өткен алдыңғы Азия ойындарында осы дисциплина бойынша чемпион атанған еді. Осылайша, жерлесіміз Азия ойындарындағы жеңісті жолын жалғастырып, екінші мәрте құрлықтық дода тұғырына көтерілді.

Жеңісті сәттерің көп болсын, Евгений! Жетісу елі сенің жетістігіңді мақтан тұтады.

XXIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ЖЕТІСУ КУБОГЫ»

БОКСШЫЛАР БӘСЕКЕСІ БАСТАЛДЫ





Жетісу жерінде былғары қолғап шеберлерінің басын қосқан бокстан 2009–2010 жылы туған жастар арасында XXIII халықаралық «Жетісу Кубогы» турнирі өз бастауын алды. Байрақты бәсекеге 12 команда қатысып, Қырғызстан мен Өзбекстан елдерінің жас боксшылары да бақ сынауда. Жалпы, 200-ге жуық спортшы шаршы алаңда өзара мықтыны анықтайды.

Шаршы алаңда Қазақстан құрамасының сапындағы боксшылар да өнер көрсетіп, өз шеберліктерін шыңдауда. Әр кездесу жас спортшылардың әлеуетін танытып, жеңіске деген ұмтылысын дәлелдейтін мүмкіндік.

Тартысты жекпе-жектердің нәтижесі қараша айында өтетін жастар арасындағы Қазақстан чемпионатына қатысатын үздіктерді анықтауға ықпал етеді. Халықаралық турнир 23 қазанға дейін жалғасады.

Өз тілшіміз

ДЕНСАУЛЫҚ

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ АВС БЕЛГІЛЕРІ



Біреу ес-түссіз немесе жауапсыз болған кезде алғашқы көмек көрсетудің негізгі алғышарты АВС болып табылады:

1. Ауа жолы – Тыныс алмаған адамның тыныс алу жолын босатыңыз.

2. Тыныс алу – Тыныс алу жолдары таза болса, бірақ ол әлі де дем алмаса, құтқару тынысын қамтамасыз етіңіз.

3. Айналу – Қан ағынын сақтау үшін кеуде қуысын қысу және тыныс алуды қалпына келтіруді орындаңыз. Адамның тыныс алып жатқанын, бірақ жауап бермейтінін білу үшін импульсті тексеріңіз. Егер оның жүрегі тоқтап қалса, кеуде қуысын қысыңыз.

Төменде АВС-тің оңай нұсқасы берілген:

1. Ояту: Егер адам ояу болмаса, оны оятуға тырысыңыз. Егер ол оянбаса, біреудің жедел жәрдем шақырып, В жоспарына барғанына көз жеткізіңіз.

2. Тыныс алу – Егер олай болмаса, тыныс алуды және кеуде қуысын қысуды бастаңыз. Егер солай болса, С бөліміне өтіңіз.

3. Қамқорлықты жалғастырыңыз – Фельдшер берген нұсқауларды орындаңыз немесе жедел жәрдем келгенше емдеуді жалғастырыңыз.

Төтенше жағдай кезіндегі алғашқы көмек көрсетудің 3 қадамы

Төтенше жағдайға тап болсаңыз, мына үш қарапайым әрекетті орындаңыз:

1. Оқиға орнында қауіп бар-жоғын тексеріңіз


Өрт сигналдары, құлаған қалдықтар немесе агрессивті адамдар сияқты қауіпті болуы мүмкін кез келген нәрсені іздеңіз. Қауіпсіздігіңізге қауіп төнсе, орналасқан жеріңізді тастап, көмек сұраңыз. Оқиға орны қауіпсіз болса, науқастың немесе зардап шеккен адамның жағдайын бағалаңыз. Олардың қауіпсіз сақтау өте қажет болмаса, жылжытпаңыз.

2. Қажет болса, медициналық көмекке қоңырау шалыңыз

Науқас немесе жарақат алған адамға дереу медициналық көмек қажет деп ойласаңыз, жақын жердегі адамға жедел жәрдем немесе жедел медициналық қызмет көрсету үшін жергілікті телефон нөміріне қоңырау шалуын айтыңыз. Жалғыз болсаңыз, өзіңіз қоңырау шалыңыз.

3. Қамқорлықпен қамтамасыз ету

Егер бұл қауіпсіз болса, кәсіби көмек келгенше науқас немесе жарақат алған адаммен бірге болыңыз. Оларды жылы көрпемен жабыңыз, жұбатыңыз және тыныштықты сақтауға тырысыңыз. Алғашқы көмек көрсету қабілеттеріңіз болса, олардың өміріне қауіп төндіретін кез келген жарақаттарды жоюға тырысыңыз. Жағдайдың кез келген нүктесінде қауіпсіздігіңізге қауіп төніп тұр деп ойласаңыз, орыннан немесе жағдайдан алыстаңыз



Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Қ. Мусанова

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 957
Индекс 15534